

Екі айда бір шығатын, мектепке дейінгі сәби тәрбиесіне арналған, ғылыми әдістемелік, педагогтік журнал

№6 (213) қараша-желтоқсан 2022 жыл  
Журнал 1994 жылдан бастап шыға басталды

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Бас редактор** – Дуанбекова Бейбіткүл Сатыбалдықызы  
**Бөлім редакторы** – Әсем Ғабиденқызы  
**Дизайнер** – Әмір Әбсадық

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Әбішқызы Сайраш  
Бейсенбиева Күләш  
Жұмабекова Фатима

Теруге жіберілген күні 1.12.2022  
Басуға қол қойылған күні 12.12.2022  
Таралымы 620  
Қалпы 84x108  
Компьютерлік басылым  
Баспа табағы 4,0  
Шартты баспа табағы 4,67  
Тапсырыс 485  
Индекс 75745

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

Алматы қаласы  
Халиуллина көшесі 212/25  
Ұялы тел: 8 701 258 89 26,  
8 747 723 62 84

**Электронды пошта:**  
duanbekova58@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №8955-Ж куәлігі берілген.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

«Отбасы және балабақша» ЖШС  
«VEDA PRESS» баспаханасында басылды.

тел. +7 (727) 266 55 87  
тел. +7 (727) 266 27 65

© «Отбасы және балабақша».

№6 (213) қараша-желтоқсан 2022 жыл

**МАЗМҰНЫ**

**ТӘРБИЕШІ, СІЗ ҮШІН: ОҚЫ, ҮЙРЕН, ҚОЛДАН**

**МАДЕШОВА А.А., ОРЫНБАСАРОВА Ж.У.** «Театрлық іс-әрекет – баланың шығармашылығын дамытуға бағытталған тәрбие құралы».....2  
**САДЫРОВА Ш.Ф.** «Мектепке дейінгі ұйымда STEAM білім беру технологиясын қолданудың тиімділігі» .....3  
**САХБАЛИЕВА А., СИСЕНОВА Н.** «Әбру техникасы – біздің іс-тәжірибемізде».....4  
**БАТЫРОВА Х.Ж., БАҚТЫҒАЛИ М.** «Мектеп жасына дейінгі бала психологиясының дамуы мен қалыптасуы» .....6  
**ҚАЛАУОВА А.Р., ИБАТОЛЛА А.Ж.** «Балабақша – бақыт баспалдағы».....7  
**СУЮНДУКОВА Ш.У, ЕЛЕУСИНОВА Ж. Х.** «Мектеп жасына дейінгі балалардың дзюдо күресі үйірмесі арқылы спортқа деген қызығушылығын арттыру» .....8  
**КАЛМАҒАНБЕТОВА А.Б.** «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы .....9  
**МУКАЖАНОВА А.А.** «Бейнелеу өнері арқылы баланың шығармашылығын дамыту» .....10  
**ДҮЙСЕМБАЙ А.Б.** «Бөбекжайда қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері» .....12  
**ИБРАЕВА С.М.** «Ата-аналарды бөбекжай өміріне тарту жолдары» .....13

**БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАМЫЗДА**

**КАБИРОВА А.Д.** «Балабақша – бақытты балалықтың мекені» .....14  
**УТЕШЕВА В.Т.** «Мектеп жасына дейінгі бала тілінің дамуы».....15  
**АСҚАРОВА А.С.** «Баланың танымдық қабілетін ойын арқылы дамыту» .....15  
**ТУЛЕПБЕРГЕНОВА Ж.М.** «Әдептілік әлемі» .....16  
**БИСЕНҒАЛИЕВА З.З.** «Күн мен Ай» ертегісі .....17  
**КАДРАЛИЕВА Б.Н.** «Аспан мен жер» .....18  
**ҚҰМАРОВА Ж.Ж.** «Ноталарды үйренейік!» .....19  
**КЕНЖИНА А.Т.** «Ұлттық музыкалық аспаптар» .....20  
**МУСИНА А.С.** «Мамандықтың бәрі жақсы» .....21  
**БИСЕКЕШОВА Б.Р.** «Геометриялық пішіндер».....22  
**УРАЗҒАЛИЕВА А.Н.** «Буратино бізде қонақта» .....23  
**ТЛЕГЕНОВА А.М.** «Заттарды көлеміне қарай салыстыру» .....23  
**НҰРЖАНОВА Ж.Ж.** «Жабайы аңдар» .....24  
**РЫСКАЛИЕВА К.Х.** «Көлік түрлері» .....25  
**ҚУАНТАЕВА Ә.С.** «Қысқы орманға саяхат» .....26  
**ӘЛИМХАН С.О.** «Тәрбиеші – баланың дүниетанымын кеңейтіп, қияға қанаттандырады».....31

**БАЛАБАҚША ТЫНЫСЫ**

**БАЙГОНУСОВА А. Ж.** «Балабақша – бала бағбандарының мекені» .....32  
**АБДИМОМЫНОВА Б.** «Балабақша – тәрбиенің алтын бесігі».....33  
**СЕЙТКУЛОВА А.** «Бала тәрбиесіндегі ойын мен ойыншықтың маңызы» .....33  
**ҚУАНДЫКОВА Қ.** «Тәртіп – тәрбиенің басты құралы» .....34  
**ӘДІЛОВА Ж.** «Тәрбие – тал бесіктен басталады» .....35  
**ӘБДРАШ А.** «Балабақша – бақыттың баспалдағы» .....36  
**ДЖАЛАЛОВА Л.** «Бала тәрбиелеудегі тәрбиешінің рөлі қандай?».....36  
**АЛИЕВА Ә.** «Менің Отаным – Қазақстан!» .....37  
**ИДИРИСОВА Ж.** «Ғарыш әлеміне саяхат» .....38  
**АГИБАЕВА Г.** «Ғажайып математика әлемі» .....38  
**ТЕНІЗБАЕВА М.** «Менің отбасым» .....39  
**ИБРАЕВА А.** «5 санымен таныстыру» .....40  
**ЕРЖИГИТОВА А.** «Көлік түрлері».....40  
**АЙТЫШЕВА С.** «Жемістер» .....41  
**БИМЕНОВА М.** «Құстарға қамқор болайық!» .....42  
**АБДИКАРИМОВА Ш.** «Қызықты эстафета» .....43

**ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ**

**ЖАЛЕЛОВА М.** «Жаңа жыл шыршасы жарқыра!» .....44  
**САҒЫНДЫКОВА М.** «Қош келдің, Жаңа жыл!».....45  
**САРИЕВА А.М.** «Мөлдiреген аппақ қыс» .....46  
**БАЗАРОВА А.Б.** «Жарысамыз шанамен» .....47  
**КАБЕС С.Е.** «Ұлла қарды жинаймыз».....48  
**УТЕПОВА Г.Х.** «Орманға саяхат» .....48  
**НАКЕНОВА А.М.** «Кім тапқыр?» .....49

**ТӘСІЛ НЕГІЗІ – ТӘЖІРИБЕ**

**АБУТАЛИЕВА А.И, ЖАЙШЫЛЫҚ А.Ж.** «Математика еліне саяхат» .....50  
**СҮЙІНДІКОВА А.Ә.** «Ертегілер елінде» .....51  
**ТУЯКОВА Д.К.** «Аю мен маса» ертегісі .....51  
**КАМЗАНОВА Д.А.** «Ерке төлдер» .....53  
**СЫЗДЫКОВА Л.А.** «Марс ғаламшарына саяхат» .....54  
**ТАБЫЛОВА Д.Қ.** «Қуыршаққа моншақ сыйлаймыз!» .....55

**ВОСПИТАТЕЛИ ДЕЛЯТСЯ ОПЫТОМ**

**УМАРОВА Л.Б.** «Развитие творчества, навыков самостоятельности у дошкольников на музыкальных занятиях» .....56  
**ДОЦЕНКО Н.В.** «Развитие воображения детей дошкольного возраста».....57  
**БАЛАШОВА О.В.** «Игрушечный город» .....58  
**МАХАНЬКОВА Н.В.** «В лабораторию к профессору Почемучкину» .....59  
**ЖУНИСБЕКОВА В.Е.** «Не шути с огнем».....61  
**АЛИЕВА А. Г.** «Хорошее воспитание – лучшее наследство» .....63



## «ТЕАТРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ – БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ»

**МАДЕШОВА Алуа Архабайқызы,  
ОРЫНБАСАРОВА Жанарым Уалиханқызы,**  
«Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі» КМҚК-  
ның арнайы пәндер оқытушылары, п.ф. магистрлері

Мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-қызығушылығымен, бастамашылығымен ерекшеленетін, мәселелердің шешімін таба білетін, өзіндік гипотезалар мен идеяларды айта алатын креативті тұлғаны дамыту. Баланың шығармашылығын, қиялын, сыни ойлауын дамытудың тиімді құралдарының бірі-театрландырылған іс-әрекет. Балалық шақ – қуану, ойын ойнау және табиғатпен араласумен өтетін қызықты кезең. Ал театр – бала ойнап отырып ойлайтын, шаттанатын, ойын арқылы дүниені танитын сиқырлы әлем. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында театр болса, демек, балалық шақ құбылысы қуаныш, танданыс, ләззат, қиял, шығармашылыққа толы деген сөз. Театр педагогикалық ұжымның шығармашылығы мен белсенділігінің және балабақшаның тұрақты дамуының өзіндік маркері, критерийі ретінде әрекет етеді. Театр – өнердің дәстүрлі түрі: ол дүниені түсіндіреді, әртүрлі іс-әрекеттерге эмоционалдык серпін береді. Қоғамда өмір сүруге қажетті қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Баланың жан-жақты дамуы үшін театр іс-әрекетінің маңызы зор. Бұл оқыту принципі балаларға әсер етудің ең тиімді әдістерінің бірі. Театрмен танысу сиқырлы, мерекелік, көтеріңкі көңіл-күй жағдайында өтеді. Сондықтан балаларды театрға қызықтыру қиын емес. [3, 23-6]

Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттер баланың қызығушылығын арттырып, қабілетін дамытады. Мұндай әрекеттерді ұйымдастыру баланың құштарлығының айқындалуына, жаңа ақпараттарды және әрекеттердің жаңа әдістерін игеруге, ассоциативті ойлануға, рөлдерді орындау кезіндегі эмоцияның, ақыл-парасатының көрінуіне, мақсатқа жету үшін ұмтылуына, табандылығының дамуына жағдай жасайды. Театр баланың рухани және шығармашылық әлеуетін ашып, ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді. Театр әрекеті балаларда эмпатияны дамыту құралы болып табылады. Яғни, мимика, ым, интонация арқылы адамның эмоционалдык көңіл-күйін тану қабілеттері қалыптасады. «Біреудің қызығына тойып, біреудің мұңына жанашыр болу үшін өз қиялыңыздың көмегімен басқа адамның жағдайына ауыса білуіңіз керек, өзіңізді оның орнына ойша қоя білуіңіз керек», – дейді психолог-педагог Б.М.Теплов. Сауатты ұйымдастырыл-

ған театрландырылған іс-әрекет балалардың шығармашылығын, өзіндік ойлауын, есте сақтау қабілетін, өз шешімі мен пікірін қорғай білуін, импровизациялай білуін, мәнерлі қозғалу қабілетін, мақсатқа ұмтылысын, басталған істі соңына дейін жеткізіп, қиындықтар мен сәтсіздіктеріне қарамастан жұмысты жалғастыра білуіне, шығармашылық міндеттерді шеше білуіне ықпал етеді. [2, 18-6]

Қазіргі таңда «Әлеуметтік-коммуникативтік даму» білім беру бағыттарының мазмұнын жүзеге асыруда мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық-сөйлеуін дамыту процесінің ең маңызды буыны болып табылады. Баланың шығармашылығын, қиялын, сыни ойлауын дамытудың тиімді құралдарының бірі-театрландырылған іс-әрекет. Театр әрекеті әлеуметтік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға жол ашады. Өйткені, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған әрбір әдеби шығармада адамгершілік бағдар (достық, мейірімділік, адалдық, батылдық) болады. Театрландырудың нәтижесінде бала дүниені танып қана қоймай, жақсылық пен жамандыққа өзіндік көзқарасын білдіреді. Фольклор, ұлттық мәдениеттен нәр алады. Сондықтан балаларды театр іс-әрекетімен таныстыру міндеті тәрбиешілер үшін өзекті. Іс-әрекеттің бұл түрі тәрбиешілер мен балалардың еркін шығармашылық атмосфера негізінде өзара әрекеттесуін, балалардың бастамасы мен қызығушылығын, өз пікірін білдіру еркіндігін, өзін-өзі көрсетуге деген ұмтылысын және өзіндік ерекшелігін ынталандырады. Театрландырылған іс-шаралар балалар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңы, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынас, тұлғаны дамытушы және патриоттық сипаттағы принципті белгілейді. Осыған сәйкес балалармен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуі керек. [1, 13-6]

Әрбір бала әу бастан-ақ, дарынды, ал театр баланың бойындағы қабілетті ашуға және дамытуға мүмкіндік береді. Театр өнері арқылы балалардың



шығармашылық қабілетін дамыту жұмысы неғұрлым ерте басталса, соғұрлым жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Театр іс-әрекетінде шеберлікке жету үшін көп іздену керек. Баланың психикасын, жасына байланысты даму ерекшеліктерін білген жөн. Осы тақырып бойынша теориялық және практикалық тәжірибені зерделеп, мектеп жасына дейінгі балалардың ойындарын бақылай отырып, олардың ұстамды, аздап эмоционалды екенін байқадық. 5 жасқа қарай баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа деген ықыласы күрт артады. Балалардың эмоционалды сферасын, шығармашылық қабілеттерін, сөздік қорын, ауызша сөйлеуін дамыту мақсатында театр іс-әрекеті бойынша студенттермен тәжірибе барысында жұмыстар ұйымдастырылды. Театрландырылған іс-әрекеттер арқылы баланың шығармашылығын дамыту ата-аналармен тығыз байланыста жүргізілетін жұмыспен ғана нәтижелі болады. Ата-аналар қойылымдар үшін рөлдерді үйренуге, атрибуттарды және

топта дамытушы ортаны құруға көмектеседі. Ата-аналардың назарын топтағы театрландырылған іс-шараларға аудару үшін әртүрлі ақыл-кестер берілуі тиіс. Өйткені, балалардың шығармашылық тұлғасының жан-жақты дамуына театр қызметінің ықпалы зор. Театрландырылған ойын-сабақтардың көмегімен бағдарламаның барлық міндеттерін шешуге болады. Театр өнері өз әрекеттерін серіктестерінің әрекеттерімен үйлестіруге, оларға кедергі жасамауға, қимылдар мен әрекеттерді таңдауға, өз кейіпкерлерінің рөлін орындағанда мәнерлілік құралдарын табуға үйретеді. Сондай-ақ, тұлғалық даму мен логопедтік әрекеттерді түзететін психологиялық емдеу кезінде театрландырылған әрекеттер қолданылады. Мұндай әрекеттерді ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік және шығармашылық, танымдық, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларының дамуына ықпал етеді. Педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін арттырады.

## «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА STEAM БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»



**САДЫРОВА Шынар**  
**Файзуллақызы,**  
 Атырау қаласындағы  
 №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
 бақшасының әдіскері

Қазіргі ақпараттық технологиялардың жылдам қарқынмен қарыштап дамуы кезінде машина жасау, IT технологиясы, ғылым және т.б. сала мамандықтарына сұраныс көбейді. Бұрын тіпті елестетуіміз қиын болған мамандықтар пайда болуда. Олар жаңа био, нанотехнологиялар, жаратылыстану ғылымдары, инженерлік салада білімділікті талап етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу талаптары, танымдылық қасиетін дамыту трансформациялануда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны балалардың креативті, коммуникативті, сыни ойлауы, командада жұмыс жасай білу дағдыларын дамытуға бағытталған. [1] Мектепке дейінгі тәрбие-білім беру процесінің трансформациялануы жағдайында жаңартылған білім мазмұнының түйінді идеялары, STEAM білім беру

технологиясын қолданудың тиімділігіне көз жеткізіп келеміз. Қазақстандық білім және ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға білім беру саласындағы заманауи өзгерістердің қосар үлесі зор. LEGO құрастыру мен робототехниканың қарапайым негіздеріне оқыту арқылы мектеп жасына дейінгі тұлғаның ғылыми-техникалық және шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында бақшамыздың оқыту тәжірибесіне енген технологияның нәтижесі, осыған дәлел болмақ. Алғашында жеңілден LEGO құрастырумен бастап, кейіннен күрделендірілген робототехниканы енгізуіміз шығармашыл педагогтарға да, балаларға да қолайлы болды. 2019 жылдан бастап дамытушы орта LEGO құрастыру кабинеті жасакталып, әртүрлі ресурстар жинақтай бастадық. «Roboalem» компаниясымен келісім-шарт жасасып, бағдарламаны жүзеге асыратын педагог-тәрбиешілердің білік-



тілігін арттырдық. Бақшамыздың шығармашыл педагогтарының жаңашыл тәжірибесі 2021 жылдан бастап облыс көлемінде тәжірибелік алаң нысанына айналды. Биыл іс-тәжірибемізбен қалалық семинар, облыстық және республикалық форумда бөлістік. Атырау өңіріндегі Х.Досмухамедов атындағы жоғарғы оқу орнымен тығыз байланыс орнаттық. «Инновациялық білім беру факультеті», «Мектепке дейінгі білім беру мен оқыту» мамандығы бойынша студенттерге «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған робототехника практикумы» пәні бойынша практикалық база болып табыламыз.

STEAM білім беру технологиясын қолданудың педагогтар үшін тиімділігі: Жүзеге асыру шеңберінде педагогтардың заманауи білім беру технологияларын пайдалануға толыққанды теориялық және практикалық дайындығын қамтамасыз ету; мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының (тәрбиешілерінің) кәсіби құзыреттілігін арттыру; балалардың конструктивті және үлгілік іс-әрекетінде білім беру конструкторларын пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім берудің педагогикалық процесі жобалау және болжау дағдыларын қалыптастыру; балалардың конструктивті және үлгілік іс-әрекетін дамытуға бағытталған іс-әрекет түрлерін, жекелеген білім беру бағыттары бойынша ішінара бағдарламаларды, жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және құрастыру технологияларын меңгеру; заманауи ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдану бойынша педагогтардың білімін жаңарту. Мемлекеттік білім беру стандартын ескере отырып, білім беру қызметінің

бағыты ретінде білім беру робототехникасы туралы жалпы теориялық және әдістемелік идеяларды қалыптастыру. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолдануға бағытталған тәрбие конструкторларының негізгі түрлерімен танысу. Балалардың деңгейлеріне сәйкес қазіргі заманғы білім беру конструкторларын пайдалану. Заманауи ресурстарды пайдалана отырып, әртүрлі жас топтарында дизайн және оқу робототехникасы бойынша сабақтарды ұйымдастыру әдістерін меңгеру. Заманауи білім беру авторлық бағдарламасын әзірлеу.

LEGO және робототехника бойынша әр педагог әртүрлі тақырыптық білім беру конструкторларын балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдану дағдыларын меңгереді. Сонымен қатар, бақшамызда педагогтардың білім беру процесін ұйымдастыру үшін барлық қажетті ресурстар қолжетімді. Дамытушы ортада жасақталған арнайы кабинетте шығармашылық процессті ұйымдастырып, балалардың LEGO құрастыру мен робототехникаға қызығушылығын оятуға жағдай жасалған. Биылғы оқу жылында мектепалды екі топ Ф.Фребельдің 14 дидактикалық ойынымен қамтамасыз етілді.

Балалар үшін жаңартылған білім беру мазмұнының түйінді идеяларының бірі – 4К моделінің дағдылары осы технология барысында айқын көрініс тапты. Балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге ынтасы, дербестігі ескерілгендіктен ұйымдастырылған іс-әрекетте LEGO құрастыру мен робототехниканы кіріктіріп өткізудің маңызы зор болды. Нәтижесінде баланың ойынға, жаңашылдыққа, зерттеуге деген ынтасы, танымдылық белсенділігі артты.





## «ЭБРУ ТЕХНИКАСЫ – БІЗДІҢ ІС-ТӘЖІРИБЕМІЗДЕ»



**САХБАЛИЕВА АЙНҰР,**  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
бақшасының бейнелеу пәні  
мұғалімі



**СИСЕНОВА НАЗЫМГҰЛ,**  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі

Біздің бақшамызда бірнеше жылдан бері бейнелеу пәні бойынша балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту мақсатында «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру әдістемелік нұсқау хатында «Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі, ал шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті күн сайын балалардың қызығушылықтарын ескере отырып ұйымдастырылады және мұнда бірнеше іс-әрекет түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшіліктің қалауы бойынша барлығы бір іс-әрекет түрімен айналысуына болады» – деп, көрсетілген.

Үйірме жұмысы арқылы біз балалардың айнала дағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауына көмектесеміз. Дағдыларды игеруі үшін қиялын дамытып, шығармашылық қабілеттерін ашып, жұмыс жасауда дайын үлгіні жиі қолданбай, бейнелеу құралдары арқылы құрастыруды өз бетінше орындауға ынталандырамыз. Сонымен қатар, үйірме жұмысында дәстүрден тыс техниканы қолданудың маңызы зор. Балалардың қызығушылығын арттыру үшін «Эбру» техникасын жиі қолданамыз. Ол дәстүрден тыс сурет салудың түрі, арт-терапияның бірі болып табылады. Бұл техниканың ерекшелігі әр бала өзінің қиялына қарай сурет салады, өнерге деген қызығушылығы, шығармашылық қабілеті артады. Балалар үшін «Эбру техникасы» бейнелеу өнеріндегі қызықты, ерекше, нағыз ғажайып сурет салудың түрі. Бұл техниканың түп тамыры сонау Ежелгі түріктерден бастау алып Шығыс елдеріне тараған. «Эбру» сөзі түрік тілінен аударғанда «Су бетінде» деген мағынаны білдіреді. Яғни, судың бетіне сурет салу. Шығыс елдерінде бұл техниканы тұрмыстық бұйымдар, керамика, мраморларды т.б. сәндеуге пайдаланған. Оның бояуының құрамы ерекше. Ол табиғи майлардың қосындысынан жасалған.

«Эбру техникасы» оңай болып көрінгенмен, өте ұқыптылықты қажет ететін өнер болып табылады. Бүгінде бұл техниканың дайын түрлері қорапшада сатылады. Оған қажетті құралдар: арнайы суға ко-

сатын ерітінді ұнтақ, арнайы дайындалған бояулар, таяқшалар. Қолдану техникасы: шұңғыл, асты тегіс ыдысқа жылы суды құйып, ерітіндіні біркелкі шашырата отырып, екінші қолмен таяқша арқылы 10 минут араластырады. Сонан соң 10 минут ерітіндіні қозғаусыз тегіс биіктеу жерге қоямыз. Дайын болған ерітіндінің бетіне бояуларды тамшылату арқылы қиялымызға ерік беріп дақтарды тамызамыз. Бір түсті дақтың үстіне басқа түсті дақты тамшылатуға болады. Таза таяқшаның ұшымен дақты созу тәсілі арқылы сурет, түрлі түстермен өрнектерді саламыз. Суретімізді өрнектеп, ғажайып құбылыстың шығуына ықпалын тигіземіз.

Ғажайып суретімізді ерітіндінің бетіне қағазды ұқыпты жайып түсіріп аламыз. Бір пайдаланған ерітіндіні келесі суретті салуға қолдана береміз. Ерітінді су екі күнге жарамды. Осы уақыт аралығында өзінің қалпын сақтап тұрады. Сондай-ақ, бұл өнер түрі жасөспірімдердің ойлау қабілетінің, қиялының дамуына көп әсерін тигізеді. Бақшамызда үйірмеге қатысатын балалар көбіне салмақты, ортаға көп қосыла қоймайтын немесе гиперактивті балалар қатарынан. Жылдың соңында бала бойындағы тұрақтылық, еңбекке құштарлық, бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін шыдамдылықты байқаған ата-аналар бізге өздерінің ризашылық сезімдерін қуана жеткізді. Әрине, мұндай құрмет бізге ерекше жігер береді. Сондықтан, біз өз тәжірибемізді, сіздерге де қолдануға кеңес береміз.





## «МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ»



**БАТЫРОВА Ханым**  
Жолдасқызы,  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
бақшасының психологы

Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала ағзасының дамуы қарқынды түрде өтеді. Ерте сәбилік шаққа қарағанда баланың әлеуметтік орны өзгереді, жасына сай кейбір қарапайым өздігінен атқаратын міндеттері пайда болып, үлкендерге тәуелділігі азаяды. Бала-бақшаға барған баланың белгілі бағдарлама бойынша жүйелі оқу мүмкіндігі туады. Бала дамуының ерекшеліктері оған тән іс-әрекет түрлерінен, әсіресе сюжеттік-рөлдік ойындардан көрінеді. Бала өзімен қатар басқа балалармен қарым-қатынас жасай бастайды. Бұл кездегі баланың жетекші іс-әрекеті – ойын. Ойын арқылы балада психологиялық өзгерістер пайда болады, онда үйрену әрекетінің негіздері қаланады. Ойын барысында баланың зейіні, тілі дамиды. Сонымен қатар бала психологиясының дамуында еңбек ету іс-әрекеті атқарылады. Оған – сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру жатады. Мектепке дейінгі балалар кейбір жекелеген еңбекке қатысты тапсырмаларды орындауға да үйренеді. Осының нәтижесінде бала оқу әрекетінің элементтерін игереді. Ал оқу міндеті – қандай да бір жаңалыққа ұмтылу пайда болғанда ғана қалыптасады. Балалар үлкендер нұсқауын зейін қоя тындап, орындайды, өзін-өзі бақылауы пайда болады. Оқу әрекеті бала психикасына, оның қабылдау, зейін, ес, ойлау үрдістерінің ырықтылығы мен басқарылуына талаптар қойып, тиісті психологиялық қасиеттердің қалыптасуына әкеледі. Баланың психологиясының дамуы мен қалыптасуына сенсорлық қабілеттер мен таным процестерінің қалыптасуы үлкен әсер етеді. Бұл кез баланың сезімдік тәжірибесінің молайып ретке келу шағы, қабылдау мен ойлауы, қиялы дамиды. 3 жастан 7 жасқа дейін көру, есту қабілеттері, қимыл сезгіштігі едәуір жоғарылайды. Көргіштігі артып, түстердің түрін ажыратып, фонематикалық және жоғары дыбыстарды естуі дамиды. Қабылдаудың дамуы үшін сенсорлық эталондар жүйесін меңгерту зор әсерін тигізеді. Сенсорлық эталондарға – спектр түстері



**БАҚТЫҒАЛИ Мирамгүл,**  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі

(7 негізгі түс), геометриялық пішіндер, музыкалық дыбыстар, тіл фонемалары жатады. Үшбұрыш – үй шатыры сияқты, дөңгелек – доп тәрізді, қызыл түс – шиенің түсі және т.с.с. Баланың сыртқы дүние заттарын көрнекі-бейнелер арқылы ойлай алуында осы заңдылықтар жатыр.

**Ойлау формалары:** ұғым, пікір, ой қорытындысы. Мектеп жасына дейінгі балалар уақытты және кеңістікті қабылдауда көп қиналады, «оң қол», «сол қолды» шатастырады. Пішіндердің суретін салуда көлем, бұрыш, енінің өзара кеңістіктегі арақатынасын ажыратуы қиынға соғады. Уақыт жайында «кеше, бүгін, ертең, арғы күні» – ұғымдарын шатастырады. Мысалы: «Біз кеше барамыз» – деуі мүмкін.

**Зейіннің тұрақтылығы:** бөбектерде 30-40 мин, 6-7 жаста 1-1,5 сағат. Арнайы есте қалдыру аз. «Мен» – ұғымы, балалармен қарым-қатынасы ойын үстінде қалыптасады. Өзін басқалар алдында азамат етіп көрсеткісі келеді.

**Мектепке дайындығы:** Оқу – жаңа әрекет, оған төзімділік керек. Зейінді болып, мұғалімнің сөзін қабылдауды қажет етеді. Оқу материалын ұғынып, оны саналы түрде еске сақтап, қиын мәселелерді шешуге ойлана бастауы керек. Айтайын деген ойын жеткізе білуі тиіс. Отбасының бала тәрбиесіндегі міндеттері: баланың дене және танымдық дамуы үшін максималды қауіпсіз жағдайлар мен түрлі мүмкіндіктер жасау; баланы эмоционалдық қолдауды қамтамасыз ету; баланың тіршілік іс-әрекетінде қауіпсіздік туралы алғашқы білімін қалыптастыру; балаларды өз-өзіне қызмет етуге және жақындарына көмектесуге бағытталған қолданбалы дағдылар мен іскерлікке үйрету; тілдік қатынастың дамуын қамтамасыз ету; баланың бейімі мен қызығушылығын дамыту. Отбасында бала психологиясын біле отырып, ата-ана бала тәрбиесіне, білім алуына, өсіп-өнуіне зор көңіл бөлсе, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.



## «БАЛАБАҚША – БАҚЫТ БАСПАЛДАҒЫ»



**ҚАЛАУОВА Асылзада  
Рахымқызы,**  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі



**ИБАТОЛЛА Айболсын  
Жарқынқызы,**  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі

Ертеңгі ел болашағы, бүгінгі жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу – ата-ананың ғана емес, әрбір тәрбиеші, ұстаздың басты міндеті. Тәрбие мен білім өмір жолындағы үзіліссіз процесс. Тәуелсіз еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, балабақшадағы бүлдіршіндер бойына танымдық қабілетті дарыға білуіміз қажет. Адам бойындағы ең тамаша қасиеттер балалық шақтан қалыптасады. «Ел болам десен, бесігінді түзе» – деген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың ұлағатты сөзі бар. Тәрбиенің әліппесі, ұлттық өнегенің ең асыл, ең нәрлі қасиеттері балаға белі бесіктен шықпай жатып ана сүтімен сіңіріледі. Балабақшада берілген тәрбие – баланы жан-жақты дамыту ісінің негізін қалайды. Мұнда бала дамуының іргетасы қаланды. Ары қарай өмірдің өсу сатысында білім мен тәрбие ұйымдарындағы бір ізділік жүйе арқылы өз көзқарастарын қалыптастырып, жеке тұлға ретінде қоршаған ортада өз орындарын табады. Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындататын ерке балалар да жоқ емес. Бірі үйдің кенжесі, бірі тұла бойы тұңғышы. Балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта – балабақша. Мұндағы ойын түріндегі іс-әрекет арқылы балалар тәрбие, білім нәрімен сусындайды. Тілін дамытып, ортаға бейімделеді. Айналасындағы қатарластарымен қарым-қатынасқа икемделеді. Математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын-қысқа, үлкен-кішісін ажыратуды үйренеді. Жапсыру, мүсіндеу, сурет салу арқылы шығармашылығын дамытады. Түрлі ойындар арқылы қоршаған ортамен, табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Сонымен қатар денелерін шынықтырып, салауатты өмір салтын ұстануды, түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды меңгереді. Тәрбиеші – балалардың ойын арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырады. Қиыны мен қызығы мол бала

тәрбиесіндегі әрбір маманның педагогикалық ұстанымы – үнемі жаңалыққа ұмтылу. Әр баланың бойындағы ерекше қабілетін байқап, бағалап, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу.

Ата-аналарды балаларын балабақшаға алғаш әкелгенде, «Ол жерден балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады?» – деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан, бақша – тек балаға бас көз болып қарайтын, еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенін үйретіп, жақсылыққа баулып, жаманнан жирендіретін, балаларына асқан жауапкершілікпен мән беретін білімді де білікті мамандардың, сенімді тұлғалардың мекені деп баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек. Балабақшада балаға дұрыс тәлім-тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барғанда саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйетін азамат болып қалыптасады. Біз, тәрбиешілер, түрлі болашақ маман иелерін тәрбиелейміз. Болашақ заңгерлерді – әділдікке үйрету, дәрігерлерді – жауапкершілікке, мейірімділікке баулу, құрылысшыларды – нақтылыққа тәрбиелеу тәрбиешінің еншісінде. Сондықтан, өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болуы қажет.

Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету – ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетінін бәріміз де жақсы білеміз. Сондықтан, алдымызға келген әрбір бүлдіршінге білім-тәлім беріп, ұлтжандылыққа тәрбиелейік.



## «МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЗЮДО КҮРЕСІ ҮЙІРМЕСІ АРҚЫЛЫ СПОРТҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ»



**СҮЮНДУКОВА Шынар**  
Умирзаққызы,  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының дене тәрбиесі нұсқаушысы



**ЕЛЕУСИНОВА Жумагүл**  
Хайруллақызы,  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының дене тәрбиесі нұсқаушысы

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Мектеп жасына дейінгі балаға жан-жақты тәлім-тәрбие, сапалы білім берумен қатар спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулудың маңызы зор. Біз бөбекжай-бақша-мызда дене шынықтырумен қатар, Дзюдо үйірмесін ұйымдастырып, үш жыл көлемінде жұмыс жасап келеміз.

**Жұмысымыздың жанашылдығы:** Атырау облысында балабақшада дзюдо күресінен үйірме ұйымдастырушылардың алғашқысымыз.

**Дзюдо үйірмесінің мақсаты мен міндеттері:** Мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық сезімдерін ояту, спортқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Секцияға қызығушылығы басым баланы қатыстыру. Салауатты өмір сүру салтын насихаттау. Балалардың денсаулығын жақсарту. Болашақта Қазақстанның жалауын желбірететін мықты спортшыларды бақша қабырғасынан дайындап, асқақ армандарына қанат бітіру.

**Үйірме жұмысының өзектілігі:** Балалардың физикалық дамуына үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттілігі ата-ана, педагогтардың назарынан тыс қалмауы қажет. Дені сау ұрпақ – ел болашағы. Балаларды бүгінгі телефон, гаджеттерден алшақтатып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:** Үйірме жұмысы арқылы алға қойған мақсат пен міндеттерге қол жеткізіледі. Бақшамен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, бала тәрбиесіндегі ата-аналар қауымдастығының қажеттілігі қанағаттандырылады. Жан-жақты тұлға қалыптасады.

**Дзюдо күресінің адам денсаулығына пайдасы.**

Бұл ойын адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады. Төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады. Дзюдо күресінде адам өзін еркін ұстап, өз бойындағы күшін, әдісін түгел пайдалана

алады. Мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады. Палуандар кілем үстінде; арнаулы жазық жерде, қар үстінде белдесіп күресе береді. Ойынның ережесі бойынша қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады. Күресетін палуандар жаңадан енгізілген ереже бойынша жасына қарай 3 топқа, салмағына қарай 8 категорияға бөлінеді. Күрес мерзімі ересектер үшін 10 минут, жас өспірімдер үшін 5 минут. Кейде жығылған адамды басып жатып, жауырынын жерге тигізу шарт емес. Бұл күрестің басты шарты – күшін, әдісін асырып, талассыз жығу. Дзюдо күресі аудандық, облыстық, республикалық спартакиадалардың бағдарламаларына кіргізілген. Спорттық командалары бар ресми түрде белгілі күрес түрі.

Үйірме жұмысын қалай бастау керек? Үйірме, әрине, бір топ үйренушілерден, жас талапкерлерден тұрады. Оны басқарушы осы өнерді бүге-шігесіне дейін білетін адам болса, нұр үстіне нұр. Ол үшін үлкен ізденісте болу шарт. Талапкерлерді күрес секциясына қабылдау барысында оның күшін, жылдамдығын, батылдығын, бойындағы жылт еткен барлық қасиетін білуіміз керек. Мұнда табиғи күштің рөлі ерекше. Дегенмен, сол бір күш қайнарын аялай біліп, әрдайым көзін ашып, шырықтырып тұрмаса, күндердің күнінде ол сарқылып қалуы да мүмкін. Сондықтан күресті меңгеру үшін жаттығу кезеңдерін жақсы білу керек. Күрес үшін спорт құрал-жабдықтары және жаттығу орны қажет. Арнайы сайыс кілемі, бақша базасындағы спорттық құралдар палуандар үшін жасалған жақсы жағдай болып саналады. Палуанның денесінің шынығуы - бұл тактикалық, пси-





хологиялық әзірлік пен жылдамдық, төзімділік тәрізді қасиеттердің жиынтығы. Дене шынығуы ұзақ еңбектенудің нәтижесінде қамтамасыз етіледі. Денені қыздыру мен суыту, массаж жасау палуан үшін өте тиімді. Ол бойкүйез денені ширатып, сірескен бұлшық еттеріңді қалпына түсіреді. Бойы жадырап, денесі шириғады. Дзюдо күресі туралы алдымен тәрбиешілерге кеңес беруді де ұмытпаймыз. Бақшада Дзюдо үйірмесінде баланың жас шамасына қарай техникаларды үйретіп қана қоймай, спорт түрі мен спортшылар жетістігі, және шынығу барысында де-

нені қыздыру мен суыту, тыныс алу жаттығуларын жетілдіреміз. Арнайы жоспармен үйірменің кестесі құрылған. Ата-аналарға мәліметті нақты беру үшін, үнемі педагогтарға кеңес беріледі. Үйірмеге қатысқан тәрбиеленушілер арасында ертеңгіліктерде балалардың қимыл-қозғалысынан ширақтық, аяқ алысынан нақтылық, дене бітімін түзу әрі, тік ұстаған ырғақты еркін қозғалысы сезіледі. Салауатты өмір салтын ұстанған әрбір мектеп жасына дейінгі баланың қоршаған ортаға деген құрметі артып, Отанға, отбасына деген сезімдері қалыптасатыны сөзсіз.

## «СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ



**КАЛМАҒАНБЕТОВА Арайлым Балтабекқызы,**  
Шучинск қаласындағы  
«Ақбота» бөбекжайының  
тәрбиешісі, педагог-модератор

Білім беру үрдісінде тәрбиеші де, бала да жеке тұлға болып қарастырылады. Тәрбиеші әр баланың қабілетін танып, біліп, дамытып, шындап, бағыт беріп, тұлға ретінде қалыптастырады. Бұрын оқу үрдісінде тәрбиеші басты рөл атқарған болса, қазір баланың белсенділік көрсететін кезі туды. Оқу қызметі тәрбиешінің емес, баланың іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Білім беру-оқытудың, тәрбие мен дамытудың үздіксіз процессі. Әр тәрбиеші бүгінгі заманауи технологияларды оқу қызметінде, тәрбие шараларында, ата-аналарымен жұмыс барысында, әріптестері арасында тиімді қолданып, жүзеге асырғысы келетіні анық. Сондай жаңа технологиялардың бірі – «Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы». Мұндағы негізгі мақсат: баланың материалға деген қызығушылығын арттыру, зейінін аудара отырып, білімділікке, өз ойларын ашық әрі еркін жеткізе білуге баулу. Сыни ойлаудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану әр оқу қызметінің мақсаты мен мазмұнын дәл ашып көрсетеді. Тәрбиешіге балалардың жеке қасиеттерін танып білуге мүмкіндік береді. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын талдағанда негізінен ойлау арқылы жазып түсіндіретінін білеміз. Ал мектепке дейінгі бүлдіршіндер өздігінен жаза алмайтынын ескерсек, бұл жастағыларға тек қана мағынаға

сәйкес суреттер қойып түсіндіруіміз шарт. Сыни ойлау стратегиясы балалардың қарапайым тапсырмаларды меңгеріп қана қоймай, қызығушылықпен орындауына жол ашады. Баланың ойлауына тән операциялар: салыстыру, талдау, жіктеу және қорыту. Дәл осы операцияларды қолдану арқылы мектепке дейінгі балалардың сыни ойлау қабілеті анықталады.

**Салыстыру.** Баланың осы санатты толыққанды қолдана білуі үшін, әртүрліден бірегейлікті, бірдейден әртүрлілікті көру дағдысына үйрету қажет. Баланы екі жасынан бастап заттарды біркелкі белгілеріне қарай салыстыруға және талдауға үйретеміз. Мысалы: түстері, пішіндері, дәміне қарай салыстыру.

**Талдау.** Бұл сыни ойлау операциясы мектеп жасына дейінгі баланың 5-6 жасында қолжетімді болады. 3-4 жасар бала «тәрелке», «қасық», «стакан» деген сөздерді қолдана алады. Егер сіз бұл заттардың тобын бір сөзбен атауды өтінсеңіз, ол оны атай алмайды. Дегенмен, сөздік қорының және байланыстырып сөйлеуінің толығы, мөлшеріне қарай қорыту түсініктері қалыптасады.

**Жіктеу** – балаға заттардың, түсініктердің, құбылыстардың ұқсастықтары мен айырмашылығын анықтауға мүмкіндік береді. Бала заттар тобына тән бір көрнекті белгісін айту арқылы жіктеу жасай алады. Мысалы, ойыншықтарды жасалған материалына



қарай жіктеуге болады. (Қатты немесе жұмсақ т.б.). Жұмысты жүйелеу арқылы балалардың шығармашылығы, оқу қызметіне деген қызығушылығы артады. Педагогтармен балалар арасында жылы қатынастар орнайды. Балалар бір-бірін бағалауды үйреніп, бірін-бірі тыңдауға дағдыланады. Көп сөйлемейтін балалардың белсенділігі артады, мінездері ашылады. Бала – ойланушы, ізденуші, өз ойын дәлелдеуші ретінде білімге өзі жетеді. Тәрбиеші – бағыт беруші, әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Осы орайда өзім балалармен жұмыс барысында ойындарды үнемі қолданамын. Мәселен, «Не артық?» ойынында баланың алдына бірнеше сурет қойылады. Тәрбиеші балаға заттарды көрсетеді. Алма, кәмпиттер және кітаптар. Бала бұл элементтерді талдап, дұрыс жіктеуі керек. Алма және кәмпиттерді жеуге болады. Мұнда кітап суретінің артық екенін бала өзі тауып айтуы керек.

4-5 жасында мектепке дейінгі баланың ауызша,

логикалық ойлауы белсенді түрде дами бастайды. Мысалы, үш-төрт жастағы баладан «Мысық деген не?» – деп, сұрасаңыз, ол: «Мысық – Мяу», ол үйде тұрады» – деп, жауап береді. Бес-алты жастағы бала бұл сұраққа «Мысық тышқандарды ұстайды. Ол, сүтті жақсы көреді» – деп, жауап береді. Мұндай жауап баланың ойлау қабілетін көрсетеді. Бала ой қозғай отырып, өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, тұжырым жасауға талпынады. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасауға үйренеді. Осылайша, бұл стратегиялар арқылы балалар да педагог та үнемі ізденіс үстінде жаңаны тануға ұмтылады. Шығармашылық белсенділіктері шыңдала түседі. Болашақ мектеп оқушысын бөбекжайда тәрбиелеуде сыни тұрғыда ойландыратын осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүргізілген жұмыс әрдайым нәтижелі болады.

## «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ»



**МУКАЖАНОВА Асель Амангельдіқызы,**  
«Ақбота» бөбекжайының  
I-санатты тәрбиешісі

Бала ес біле бастағаннан-ақ өзі жете түсінбейтін жарқын, тартымды заттың бәріне ұмтыла бастайды. Мәселен, жылтыраған ойыншықтарды, әдемі гүлдерді көрсе қуанады. Осының бәрі оның рахаттану, қызығу сезімін туғызады. Жиі ән, ертегі тыңдап, суреттерді қызыға қараған баланың өнері қуаныш сезімдерінің қайнар көзіне айналады. Эстетикалық тәрбие алған бала әсемдік атаулының бәріне ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады. Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оны түсіну, эстетикалық ұғым, пікір, баға беру қасиетін қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс. Бейнелеу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі баланың сезімдік эмоционалдық ортасымен эстетикалық талғамын және шығармашылық ойлау қабілетін дамыта аламыз. Бейнелеу өнері - көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының

эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, оны қастерлеуге, рухани дамуына тікелей әсер етеді. Балалардың сурет салуға деген қызығушылығын, өнерді қабылдау деңгейін, мүмкіншіліктерін анықтай отырып, сапалы білім беру маңызды.

**Балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері:** Сурет салу оқу қызметінде күннің екінші жартысында бейнелеу өнері бойынша жеке жұмыстар жүргізу. Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру, жиналыс, көрмелер ұйымдастыру. Баланың бейнелеу іс-әрекетінің негізгі түрлері болып саналатын сурет салу, жапсыру, илеу әрекеттерімен шұғылдануы. Баланы сан алуан түстер гаммасымен, формалар, сызықтар, түрлі пішіндермен таныстыру.

Балаға бейнелеу өнерін меңгерту, оның заттық тақырыпта сурет салу дағдыларын бекітеді. Бірнеше заттарды бейнелеп мазмұнды сурет салуға, компо-



зиция құра білуге үйретеді. Жағыс түрлері: сүйкей жағыс, қылқалам ұшын тік бағыттау, жоғарыдан төмен қарай, солдан оңға қарай біртіндеп жүйелі тегіс бояу. Сулау (дымқылдау), үрлеу, бояуды шашырату арқылы салу, үзіліссіз сызу, тамшы бояудан бейнеге келтіру, таяқшамен, саусақпен, қауырсынмен сурет салу тәсілдері қос қабаттап, бүктеп беттестіру арқылы симметриялы заттардың суретін салуға жаттықтырады. Балалардың қылқаламды еркін ұстап сызықты жіңішке, жуан, жалпақ түсіруге, бояуды қалыңдау жағу үшін қылқаламды көлбеу ұстап қаттырақ басу, сызықтың түрлеріне қарай бағытын өзгерту қолдың қимыл қозғалысы мен көз мөлшерінің үйлесімділігін дамытады. Суреттің барлық бөлігін біркелкі бояу талабын ұштайды. Бояу түстерін таңдап үйлесімді бере білуге дағдыландырады. Бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдарын меңгертіп, сурет салуға деген қызығушылығын арттырады.

«Бастыру әдісі». Әртүрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу балабақша дәстүріне айналып келеді. Аталмыш техника арқылы жұмыс істеу балаларда жағымды эмоция тудырады. Тұрмыстық заттарды көркем сурет салуға қолдану мүмкіндігін ашады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы: жапырақ, түрлі өсімдіктер, поролон, көкөністер, жүн, алақан, қарындаштың теріс бөлігі, жіп. Дәстүрден тыс әдіспен сурет салуды үйренген бала, өз бетінше бастыру құралдарын іздеп тауып көрсетеді. Бұл баланың өмірге шығармашылықпен қарауының, кезкелген затты әртүрлі мақсатта қолдана білу іскерлігін дамытудың алғы шарты болып табылады.

«Көкөністер бастырмасы». Балалар бастырма көмегімен салынған бейнеге ерекше қызығушылық танытады. Әсіресе, көкөніс қалдығынан балалардың көз алдында даярланған штамптар даяр сатып алғандарға қарағанда қызығушылықты арттыра түседі. Картоп, сәбіз, асқабақ қабығынан және қызылшадан

түрлі пішіндер жасауға болады. Мысалы: шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш даярлау; картоп немесе өзге көкөніс қиығында контур жасап, артығын кесу; штампты гуашка батыру немесе оған қылқалам көмегімен субояу жағу; қағаз немесе мата бетіне ойындағы сурет шығатындай етіп бастыру. Штамптар көмегімен мата, кілем үлгілерінің оюын жасауға немесе ұлттық ою-өрнектерден сәндік композициялар құрастыруға болады. Жұмысқа ұлттық нақыш беру үшін жеке суреттермен ұжымдық жұмыстарды әшекейлеуде ұлттық ою-өрнектерді жүйелі қолдану өте маңызды. Балалар ою-өрнекті бейнелеу арқылы кеңістікті бағдарлауға үйренеді және олардың аттарын атап, есіне сақтайды.

«Саусақпен сурет салу әдісі». Саусақпен сурет салу-алақанмен, саусақпен, табанмен бейнелеудің тағы бір тамаша әдісі. Бұл әдіс гуашь, майлы бояудың қасиетін (қанықтық, жұмсақтық) сезінуге көмектеседі. Балаларға алақан немесе саусаққа әр түсті бояу жағу арқылы заттың суретін салу ұсынылады. Сондай-ақ таяқша, мақта, мата, поролонды қолдануға болады.

Қолдану ережесі: Бояуды жайпақ табаққа, суды кішкентай құмыраларға құю, ал алақанмен сурет салғанда бояуды табаққа құйған жөн.

«Құммен сурет салу әдісі». Балаларға құммен сурет салу өте қызықты. Өйткені, олар құммен ойнағанды ұнатады.

Қолдану ережесі: Ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылып алынады. Пва желімін сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағып шығады. Жағылған желімнің үстіне ыдыстағы құмды себелейді.

Мектепке дейінгі түрлі жастағы топтарда бейнелеу өнерін үйрену арқылы бала табиғаттағы, өнердегі әсемдікке, адамдардың мейірбан сезіміне үн қоса алады. Ал біз үшін қолына қалам алған сәбидің қуанышының, талпынысының, толғанысының маңызы зор.





## «БӨБЕКЖАЙДА ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ»



**ДҮЙСЕМБАЙ Аружан  
Бауыржанқызы,**  
«Ақбота» бөбекжайының  
қазақ тілі мұғалімі

Қазақ тілін оқытуға қойылатын талап – тәрбиеленушінің айтылым дағдысын қалыптастыру, сөз байлығын молайту. Шығармашылықпен жұмыс істеуге, үнемі өз бетімен ізденуге дағдыландыру. Тілді үйренуге қызығушылықтарын арттыру. Осы міндеттерді шешуде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Қазақ тілін үйретуде педагогтың ең бірінші көмекшісі – ақпараттық-техникалық құралдар.

**«Болжау әдісі».** Тақырыпқа байланысты бейне-ролик көрсетіп, балаларға сұрақтар қойылады. Балалар сұрақты жұппен, топпен талқылайды. Бір шешімге келіп жауаптарын айтады. Постер қорғайды. (Балалар қайда келді? Балалар ауылда не істеді? Атасы не оқып отыр екен? Кітап не туралы? Бәйтерек қай қалада орналасқан? Астанада тағы нелер бар? Қалай ойлайсындар, балалар Астанаға барды ма? Атасы мен әжесі Астана қаласына барды ма?). «Болжау әдісі» балалардың тілді үйренуге қызығушылықтарын туғызып, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

**«Көрнекілік әдісі».** Балаларға түрлі суреттерді көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, тартымды, ірі, екі немесе үш түстен болуы керек. Мысалы: «Ұлттық киімдер» тақырыбы бойынша киімдердің суретін көрсетіп, түрлі тірек кестелер арқылы сөздерді, сөз тіркестерді үйретуге болады.

**«Сұрақ-жауап әдісі».** Бұл әдіс балалардың тілін дамыту үшін өте маңызды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің барлық кезеңінде қолдануға болады. Бұл белгілі де тиімді әдіс. Балаларға жас ерекшелігіне байланысты сұрақ қойылады. Мысалы, «Мақал-мәтелдер» тақырыбын өткен кезде, тәрбиеленушілерге тез есте сақтау үшін мақалдардың негізіне құрылған сұрақтар қойылады. Мысалы, әдепті бала қандай бала? Әдепті бала арлы бала. Әдепсіз бала қандай бала? Әдепсіз бала сорлы бала. Сонда балалар, бұл мақалды тез жаттап алады. Өзге ұлт өкілдерінің балаларын айтылымға үйретуде рөлдік ойындарды, диалог, көрініс қою, жұмбақ, сөз жұмбақ шешу, тірек схемасын пай-

даланып, жүйелі түрде әңгімеге тарту керек. Бала өзінің аты қандай әріптен басталса, оған сол әріптен сын есім сөзін қосып айтады. Мысалы: Дәурен-дарынды, Әйгерім-әдепті, Алма-ақылды.

**Ойын:** «Адасқан әріптер».

З А Қ А Н – қазан.

Р К Ү Қ Ы Й К Е – қыркүйек.

Л Е Ж С А Н Т О Қ – желтоқсан.

Қазақ тілі ұйымдастырылған оқу әрекетінде балаларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар тәрбиеленушінің ойлау қабілетіне, сондай-ақ, өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Баланың білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады. Өзге ұлт өкілдерінің балаларын қазақ тілінде сөйлеуге үйрету, оны оқыту әдістемесін жетілдіруде жаңа, тың әдістерді қолданғанда ғана педагогтың жұмысы нәтижелі болады.





## «АТА-АНАЛАРДЫ БӨБЕКЖАЙ ӨМІРІНЕ ТАРТУ ЖОЛДАРЫ»



**ИБРАЕВА САЯГУЛЬ  
МУКАНҚЫЗЫ,**  
«Ақбота» бөбекжайының  
II-санатты тәрбиешісі

Отбасының да, бөбекжайдың да, мектептің де мақсат, мүддесі - заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Бөбекжайдағы бала тәрбиесінде ата-аналармен бірге жұмыла жұмыс істеген жағдайда ғана жетістікке жете аламыз. Өйткені, отбасы – баланың өмір сүру ортасы. Қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбие, білімге баулып, шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірімін сезінетін орын. Отбасы мен тәрбиешінің ынтымақтастығы – бүлдіршіннің даму әлеуетін жақсарта алатыны сөзсіз. Осы мақсатта бөбекжай мен ата-ана арасындағы қатынасты нығайта отырып жұмыс жасау, тәрбиеші үшін өте маңызды. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орны ерекше екендігі барлығымызға аян. Ата-аналармен бірге өткізілетін іс-шараларда, олардың бір-бірімен пікір бөлісіп, бала тәрбиесі туралы ойларын, тәжірибелерін ортаға салып, қызықты жағдайларды сөз етіп, еркін араласулары, тәрбиешілердің оларды жақыннан танып білуіне мүмкіндік береді. Ата-ананың бөбекжай өміріне деген көзқарасын өзгерту және жауапкершілік сезімін арттыру, бүлдіршіннің жасаған әрбір қадамының ертеңгі жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен әсер ететінін жеткізіп, ортақ мақсатта бала тәрбиесімен айналысудың маңыздылығын түсіндіру тәрбиешінің жұмыс барысындағы басты мақсаты болуы тиіс. «Бала тәрбиесі басты байлығың, кешіксең көретінің қайғы мұң» - деп, ұлы Абай айтқандай, балалардың тәрбиесіне ерте жастан мән беру қажет. Ата-аналардың бөбекжайдағы балалардың уақытын қызықты өткізуіне мән беріп, тәрбиелік іс-шараларға қатысуы жақсы нәтижелер беруде. Әр мереке сайын ата-ана-бала-тәрбиеші болып, көрмелер ұйымдастырамыз. Сәтті шыққан көрме бұйымдары марапатталады. Ата-анамен баланың бірлесе жасаған жұмысы мақтауға лайық болғанда, мадақтамаға ие болғаны үшін баланың қуанышында шек болмайды. Ата-аналар да, тәрбиешімен бірлесе отырып, баланың жан - жақты дамуына көмектеседі. Балаларға тапсырма ретінде берілген тапқатар, өлең шумақтарын жаттатады. Ертегі кейіпкерлерін сомдау кезінде, әр ата-ана өз

баласына киімін тігіп, дайындап әкеледі. Аудандық сайыстар мен конкурстарға қатысатын балаларды тәрбиешімен бірге дайындайды. Тәрбиешіге қолдау көрсетеді. Ата-аналардың тәрбиешімен бір бағытта жүруі, оның талаптарына ден қоюы, балаларының болашағы, білімі мен тәрбиесінің маңыздылығын түсінуі осындай іс-шараларда анық байқалады.

Бөбекжайда бала қарым-қатынас дағдыларына үйренеді, алайда осы дағдыларды жақсы меңгере алуы отбасының бөбекжаймен қарым-қатынасына байланысты. Қазіргі кезеңдегі басты мәселе ата-аналарды бөбекжай өміріне қызықтыра білу, олардың қажеттілігін ескере отырып, бөбекжай өміріне тарту. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар тиімді болуы үшін олармен жақын танысып, отбасының бала тәрбиелеудегі рөлін анықтау қажет. Біздің бөбекжайда тәрбиешілердің ата-анамен қарым-қатынас жасауда қолданатын түрлі тәсілдері мен заманауи технологияларды пайдалануы ата-ананың қызығушылығын тудырды. Ата-аналар ұйымдастырылған іс-әрекеттерге, бөбекжайдағы ашық есік күндеріне белсене қатысады. Ата-ананың іс-шараларға қызығып, өз балаларының дамуы үшін тәрбиешілермен бірлесе белсенділік танытуы бала үшін де, бөбекжай үшін де аса маңызды. Осындай ынтымақтастық қашанда жақсы жетістіктерге жеткізіп, оң нәтижелер берері анық.





## «БАЛАБАҚША – БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚТЫҢ МЕКЕНІ»



**КАБИРОВА Айгул**  
**Досболатқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК меңгерушісі

Ертеңгі ел болашағы, бүгінгі жас ұрпақты заманына сай жан-жақты тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп – ол балабақша. Балабақша келер ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар намысын қорғауға және ізгі адамгершілік қасиеттерге баулиды. Сондай бақытты балалықтың мекеніне айналған балабақшалардың бірі – Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Жаңақала білім беру бөлімінің «Жаңақала балалар бөбекжайы». Мұнда келешекте ел басқарар, кең байтақ жеріне иелік етер, туған жерінің, елінің мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер бүлдіршіндер білім нәрімен сусындап, өнегелі тәлім-тәрбие алады. Біздің балабақшамыз 1984 жылы ашылған еді. Биыл бақшамызға 38 жыл толады. Міне, осыншама уақыт аралығында келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне өзіндік үлесін қосқан әрбір тәрбиешінің тынымсыз еңбегінің, олардың біліктілігі мен білімдерінің нәтижесінде балабақшамыз ауыз толтырып айтарлықтай жақсы жетістіктерге жетті. Атап айтсақ, балабақшамыздағы жеті топта 188 бүлдіршін тәрбиеленеді. 46 қызметкердің 14-і тәрбиеші, 5-і педагог мамандар, жоғары білімдісі-15, орта арнаулы-5 қызметкер еңбек етеді. Соның ішінде педагог-модератор 4 тәрбиеші, әдіскер, педагог-психолог, музыка жетекшісі бар. Олар өз жұмысын жақсы білетін мамандар. Балабақша ұжымындағы әрбір қызметкердің міндеті – тәрбиеленуші бүлдіршіндерге қуаныш сыйлау. «Үйренер нәрсе-білім мен мейірімділік» – деп, Жүсіп Баласағұн айтқандай, балабақша ұжымы әрбір күнін ізденіспен өткізеді. Бақшамыз «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша оқу-тәрбие жұмыстарын қазақ тілінде жүргізеді. Биылғы жылдың 12 мамыр айында облыстық деңгейде «Үздік тәжірибе-сұранысқа ие» тақырыбында шеберлік сы-

ныптар панорамасы атты семинар өткізілді. Аталған семинарда «Ғажайып сабын» және «Сикырлы майшам» эксперименталды зертханалық жұмыстар, ұйымдастырылған оқу қызметтері, қатысушы педагогтардың тәжірибелік жұмыстары таныстырылды. Балабақша тәрбиешілеріне ұсынылған жоба жоғары деңгейде көрсетілді. Аудандық Мектепке дейінгі ұйым педагогтары арасында ұйымдастырылған «Бала бағбаны» атты байқауда балабақшамыздың тәрбиешісі Сариева Ақторғын Мұхамбетқалиқызы бас жүлдені иеленіп, облысқа жолдама алды. Облыста алғыс хатпен марапатталды. Мектепке дейінгі ұйымдардың шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтарын қолдау және ынталандыру, тәжірибені жүзеге асыру және өзін-өзі жетілдіру арқылы кәсіби құзыреттілікті арттыру мақсатында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы» аудандық кезеңінде бөбекжайымыздың тәрбиешісі Тлегенова Асель Мағзомқызы бас жүлдені жеңіп алды. Облыстық байқауда 3-ші орын-ды иеленіп, алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар тәрбиешіміз Асель Мағзомқызының жұмысы республикалық үздік тәжірибелер басылымына ұсынылды. Балабақшамыздың музыка жетекшісі Кенжина Ақжарқын Темірғалиқызының тәрбиеленушісі Ахан Расул Асқатұлы республикалық деңгейде балалар арасында өткізілген «Көрікті көркем» ән байқауына қатысып ІІ орынды иеленді. Жетекшісі алғыс хатпен марапатталды. Балабақшамыздың тәрбиешілері Тлегенова Асель Мағзомқызы, Мусина Ақмарал Сансызбайқызы «Үздік педагог» атанды. Тәуелсіз еліміздің бақытты балдырғандарына білім, тәрбие беруде балабақша ұжымы үнемі шығармашылық ізденіспен еңбек етіп келеді. Сондықтан біздің «Жаңақала балалар бөбекжайы» балалардың саялы мекеніне айналды.



## «МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛА ТІЛІНІҢ ДАМУЫ»



**УТЕШЕВА Венера  
Тлекжанқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК  
педагог-психологы

Мектеп жасына дейінгі кезеңде (3-6 жас) бала алғашқы кезеңмен салыстырғанда тез өсіп, салмағы тез артады. Жоғарғы жүйке жүйесінің дамуы да жоғарылайды. Бойының өсуінде де өзгерістер байқалады. Әр жастың, өзіне лайық мінез-құлқы, ойлау жүйесі, өмірге деген өзіндік көзқарасы, болады. Мектепке дейінгі балалық шақта (3-7 жас) ағзаның қарқынды жетілуі жалғаса түседі. Жалпы өсумен қатар дене мүшелерінің анатомиялық қалыптасуы және функциялық дамуы жүреді. 3-6 жас аралығында баланың ми салмағы 1110 грамнан 1350 грамға дейін өседі. Үлкен ми сыңарлары қабықтарының реттегіш рөлі мен оның ми қабығы астындағы орталықтарды бақылауы арта түседі.

Дыбыстардың дамуы: 3 жаста «ш», «ж» «ч», «щ» дыбыстары «с», «з» дыбыстарына, «щ» дыбысы «ч», «ть», кейде «т», «д» дыбыстарына, «р», «л» дыбыстары «й», «ль» дыбыстарына, «к», «г», «х» дыбыстары «т» немесе «д» дыбыстарына алмастырылып айтылады. 4 жаста дыбыстарды айтуы тұрақсыз болады. Жеке «с, з, ц» дыбыстары дұрыс айтылады. Сонорлы «р», «л» дыбыстары әлі де дұрыс айтылмайды. Олар «й», «в»

дыбыстарына алмастырылады. «С, з, ц, ш, ж, ч, к, г, х» дыбыстары 5-6 жастағы балада дұрыс қалыптасуы керек. Ал артикуляциясы күрделі «р» дыбысы 7 жасқа дейін қате айтылуы мүмкін.

Сөйлеу тілінің, сөздік қорының дамуы: 3 жастан кейін сәбилік кезеңнен мектепке дейінгі кезеңге өту деп есептеледі. Осы кезде бала заттармен өз бетінше әрекет етуге талпынады, Бірақ әлі де болса үлкендер тарапынан қамқорлық күтеді. Сөйлеуі дұрыс дамып жетілмеуіне байланысты, сөзі анық емес, түсініксіз болады. 4 жасқа келгенде денесінің бұлшық етінің күші артып, ептілігі, қимыл-қозғалысының икемділігі байқалады. Допты немесе басқа бір заттарды нысанаға лақтырып қағып алуды үйренеді. Бірақ көргені мен естігенін ұзақ есінде сақтап, өз мағынасында тез жаңғыртып бере алмайды. 5 жасқа келгенде бала қосымша сұрақтарсыз тыңдаған әңгіменің мазмұнын өз бетімен айтып бере алады. Осы жаста баланың фонематикалық қабылдау қабілеті де дамиды: алғашқыда бала дауысты және дауыссыз дыбыстарды, кейін-жінішке және жуан дауыссыздарды, ысқырық, ызың дыбыстарды ажырата бастайды.

## «БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДАҒЫ ОЙЫННЫҢ МАҢЫЗЫ»



**АСҚАРОВА Ақторғын  
Саматқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК әдіскері

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, білім мен тәрбиенің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті. Ойын тек қана балаларды

қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, оған берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту – тәрбиелеу жұмысын бағдарлама



талаптарына сай ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау керек. Бала ойын барысында айналадағы құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, оны білуге қызығушылығы туындайды. Осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Баланың ойын арқылы ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындап, өзінше шешім қабылдап, өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылғанда ғана, ол еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы ояңған дара тұлға ретінде жан - жақты дами алады. Ұлы ойшыл Я.А.Каменский «Ойында рухани және дененің даму қозғалысын көреміз, ойынды саналы түрде пайда келтіретіндей жүргізуіміз керек. Ойын-жасына және халықтың ғұрпына сәйкес болуы керек» – деген. Балалармен жүргізілетін ойын түрлері оның ойлау мен қиял және барлық танымдық процестеріне әсер етеді. Балалардың бір-бірімен қа-

рым-қатынас жасауына, ұйымшыл болуына мүмкіндік жасайды. Танымдық қызығушылығын арттырады. Ойын жүйелі түрде тақырыпқа сай жүргізілуі тиіс. Балалар келе-келе, өз беттерінше сұрақ қоя білуге машықтанады, тыңнан ойын құрастыруға талпынады, оқылған тақырып бойынша өз тұжырымын айта алатын болады. Ойынның негізгі ерекшелігі – ол балалардың қоршаған өмірді-адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Ойында бөлме, теңіз, ұшақ, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар үн-түнсіз ойнамайды. Тіпті бала жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны, ойын әрекеттері, рөлдер, балалар немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Демек, толыққанды азаматты тәрбиелеу, алдымен ойыннан басталады.

## «ӘДЕПТІЛІК ӘЛЕМІ»



**ТУЛЕПБЕРГЕНОВА Жанар Мерешқызы,**  
«Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** «Қатынас».

**Бөлімі:** Көркем әдебиет.

**Мақсаты:** Балалардың қыс туралы білімдерін беркіту. Аққаланың бейнесін қағаз бетіне жапсыруды үйрету. Ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру.

**Әдіс тәсілдері:** Сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру.

**Қажетгі көрнекі құралдар:** Суреттер.

**Шаттық шеңбері:**

Бақшамызға барғанда,

Жолыққан бар жандарға.

Ертеменен ақ пейілмен:

«Қайырлы таң!» деймін мен.

Күндіз де елді елеймін:

Үйге кешке келемін.

Не дерімді білемін,

«Кеш жарық!» – деп кіремін. (Е.Өтетілеуұлы)

– Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетімізде ақын Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. (Тәрбиеші өлеңді оқып береді. Сұрақ-жауап арқылы оқылған өлеңнің мазмұнын түсіндіреді).

– Балалар, біз қандай болуымыз керек? Арамызда әдепті, жақсы балалар бар ма? (Балалардың жауабы).

**Сергіту сәті:**

Ал балалар тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Оң жаққа бұрылып,

Сол жаққа бұрылып,

Бір шапалақ ұрайық.

Балалар сергіту сәтін қимылмен қайталайды.

**Ойын:** «Қалай амандасу керек?».

**Мақсаты:** Балаларды әдептілік ережелеріне баулу.

**Ойын шарты:** Балалар жұптасып тұрады. Педагог-





тын нұсқауы бойынша қарама-қарсы тұрған балалар бір-бірімен амандасады.

Әдепті сақтап әманда,  
Әр адал адамға.  
Жасасаң бір жақсылық,  
Қайтарады саған да.

Тәрбиеші балаларға адамдар арасындағы қарым-қатынас нормалары мен қоғамдық орындарда жүріп тұру ережелерін түсіндіреді. Балалар тәрбиешінің әдептілікке байланысты қойған сұрақтарына толық жауап берді. Айтылған мадақтауларға ризашылықтарын білдірді.

## «КҮН МЕН АЙ» ЕРТЕГІСІ



**БИСЕНГАЛИЕВА Замзагүл  
Зулхашқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Бөлімі:** Көркем әдебиет.

**Мақсаты:** Балалардың ертегілерге қызығушылығын ояту.

**Қажетті көрнекі құралдар:** Ертегі кейіпкерлерінің, ай мен күннің суреті.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, жұмбақ, сұрақ-жауап, слайд, ойын.

**Қос-тілділік құралдар:** Күн-солнце, ай-луна, ертегі-сказка.

**Ойын:** «Қандай ертегі?».

– Балалар, тактада ертегі кейіпкерлерінің суреті ілінген. Олар қандай ертегілердің кейіпкерлері? (Балалардың жауабы).

– Ертегі кейіпкерлерінің өздеріне тән ерекшеліктері болады. Сендер ашулы, мейірімді, адал, қорқақ кейіпкерлердің қандай ертегілерде кездесетінін айтып көріңдерші? (Балалар өздері білетін ертегі кейіпкерлерін атайды).

– Балалар, енді мені мұқият тыңдаңдар. Мен сендерге жұмбақ жасырамын.

**Жұмбақ:**

Бір үйде қос сұлу қыз ағайынды,  
Екеуі қызықтырған талайынды.  
Жүдемес төрт маусымда мұнаймаса,  
Тұрады нұрға малып мандайынды. (Күн мен ай).

– Балалар, қараңдаршы, аспаннан не көріп тұрсындар? (Күн).

– Күн қай уақытта шығады? (Күндіз).

– Күн қайда орналасқан? (Аспанда).

– Ай қай уақытта көрінеді? (Түнде).

– Демек, біз таңертең тұрамыз, аспанға қарап күнді көреміз. Күн батқанда аспаннан ай шығады. Балалар, күннің пішіні қандай? (Дөңгелек).

– Біз бүгін «Күн мен Ай» ертегісін экраннан тамашалаймыз. Өткен заманда біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен. Бірінен-бірі асқан сұлумен деп бірімен-бірі үнемі ұрсысып, жиі-жиі жанжалдасып қалады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға тиісіп: – Сенен мен сұлумен! – дейді. Ал Айсұлу болса: – Жок, сен сұлу емессің, мен сұлумен! – деп таласады. Ақыр аяғында бұл талас үлкен шатаққа айналады. Ыза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлу тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей із болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен. Ал бейбастығынан қатты ұятқа батқан Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен. Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу біріне-бірі көрінбейді.

**Сергіту сәті:**

Күн ұйықтайды, күн оянады.

Жел соғады, жаңбыр жауады.

Күн ашылды, шуағын шашты.

– Балалар ертегі сендерге ұнады ма? (Иә).

**Ойын:** «Күн шуағы».

– Ертегі не туралы? Екі қыздың қылығы дұрыс па? Олар неліктен бірін-бірі көре алмады? Неге ай тек түнде шығады? (Балалар сұрақтарға жауап беріп, ертегі кейіпкерлерін сомдайды).

**Қорытынды.**



## «АСПАН МЕН ЖЕР»



**КАДРАЛИЕВА Бибигуль**  
**Нысанғалиқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Таным.

**Бөлімі:** Жаратылыстану.

**Мақсаты:** Балаларды батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу. Ғарыш әлемі туралы мағлұмат беру.

**Сөздік жұмысы:** Ғарышкер.

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, слайд, бейнеролик.

**Құралдар:** Ойыншықтар, кубиктер.

**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, құрастыру.

**Шаттық шеңбері:**

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық.

Жүрекке жылу салайық,

Жиналған жылы шуақты,

Бір-бірімізге сыйлайық.

– Балалар, көңіл-күйлерің қандай? (Жаксы).

– Біз қай ғаламшарда өмір сүреміз? (Жер бетінде).

– Жер біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз.

– Жоғарыға қарағанда нені көреміз? (Аспанды).

**Жұмбақтар:**

Күндіз бәрі қашады,

Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)

Ұшады қанатсыз,

Зырлайды аяқсыз. (Зымыран)

Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады. (Күн)

**Қызықтыру сәті:** Ән ырғағымен ғарышкер келеді.

**Ғарышкер:** Сәлеметсіңдер ме. Мен ғарышкермін.

Ғарышқа түнгі аспан әлемін көруге барамын. Менімен бірге саяхатқа барғыларың келе ме? (Иә).

– Ол үшін маған зымыран құрастырып беріңдерші. (Балалар зымыранды таяқшалар арқылы құрастырады).

**Ойын:** «Зымыран».

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

– Мен санаған кезде алдымен, оң жаққа қарай, сосын сол жаққа қарай бұрылып, айналамыз. Қазір

сендермен ғарышқа ұшамыз. Ол үшін біз ғарышкерлер киетін комбинизон, қолғап, басымызға скафандрды киюіміз керек. Скафандр бізге дұрыс демалу үшін, тонбау үшін, қауіпсіздікті сақтау үшін қажет. Ал енді әркім өз орнына отырсын. Белбеуімізді тағамыз. Ұшуға дайынбыз. (Монитордан зымыранның ұшқан көрінісі көрсетіледі).

– Ұшар алында біз дұрыс дем алуымыз керек. Ол үшін қолымызды ішімізге қоямыз, ауаны мұрнымызбен жұтып, аузымыздан шығарамыз. Ал енді ұшамыз... Міне, аспан әлеміне келіп жеттік.

**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрамыз,

Ұшақ болып ұшамыз.

Қалқып-қалқып аламыз,

Орнымызға қонамыз.

– Балалар, біз ғарышқа саяхатқа шығып аспан әлеміндегі көріністі тамашаладық. Сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? (Иә).

– Онда нелер бар екен? (Ай мен жұлдыздар).

– Аспандағы жұлдыздар қандай болып көрінеді? (Өте ұсақ, кішкентай).

– Балалар, аспан әлеміне тағы нелер ұшады? (Ұшақ, тікұшақ, зымыран).

**Ойын:** «Аспан мен жер».

**Қорытынды.**





## «НОТАЛАРДЫ ҮЙРЕНЕЙІК!»



**ҚҰМАРОВА Жамал  
Жамбылқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК  
музыка жетекшісі

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Бөлімі:** Музыка.

**Мақсаты:** Балалардың музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын ояту, Оларды дыбысынан ажырата білуге үйрету. Музыкаларды тыңдау арқылы эстетикалық талғамдарын, музыканы қабылдау деңгейін дамыту.

**Көрнекіліктер:** Нота сызығы, ноталар, ноталар суреті салынған пойыз, музыкалық аспаптар.

**Шаттық шеңбері.**

– Балалар, сендер қандай сабаққа келдіңдер? (Музыка сабағына).

– Музыка сабағында не үйренеміз? (Ноталарды, ән айтуды, би билеуді).

– Балалар, айтындаршы, музыка шығару үшін ең алдымен бізге не керек? Сендер онымен танысыңдар? (Ноталарды білуіміз керек).

– Иә, дұрыс айтасындар! Ноталарды білуіміз қажет. Бізде неше дыбыс нотасы бар? Қане, ноталардың атын айтып көрейікші? (7 дыбыс нотасы бар. До, Ре, Ми, Фа, Соль, Ля, Си).

– Неше нота сызығы бар? (5 сызық нотасы бар).

Балалар ноталарды 5 сызықтың үстіне апарып жабыстырады.

– Бәріміз бірге ноталарды айтып көрейікші. (До, ре, ми, фа, соль, ля, си).

– Балалар, барлық нота толық па? (Жок).

– Иә, соль және си ноталары түсіп қалыпты. Оларды апарып 5 сызыққа жабыстырайық. Қане, енді өзіміз нота боламыз. (Балалар бастарына ноталар белгіленген маскаларды киеді).

– Ноталардың алдында не тұрады? (Скрипка кілті).

– Міне, скрипка кілті де өз орнына келді.

– Балалар, енді ноталар жабыстырылған пойызға мініп, саяхаттап қайтайық. (Әуенмен залды айналып, 1-ші аялдамаға келеді. Аялдамада хат болады).

– Қарандаршы, мұнда хат бар екен. Оны оқып көрейік. (Хатты оқиды).

«Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен музыка әлемінің Ханшайымымын. Менің әлеміме жету үшін сендерге үш түрлі тапсырма беремін.

1. «Күйтабақтағы әуенді тыңдап, сөзімен қосып айтып беріңдер».

**Ән:** «Балдырғандар».

– Әнді жақсы орындадыңдар. Ханшайымның келесі тапсырмасын көрейік.

2. «Күйтабақтағы музыкаларды тыңдап, оның мінездерін ажыратыңдар». (Балалар музыканы тыңдап, алғашқысының көңілді, екіншісінің көңілсіз әуен екенін айтып, әуенді дұрыс ажыратады).

– Балалар, көңілді музыкаға бәріміз би билейік? (Көңілді әуенге билейді).

– Осындай тамаша көңіл-күймен соңғы аялдамаға да жеттік. Ханшайымның келесі тапсырмасын орындайық.

3. «Хаттағы сұрақтарға дұрыс жауап берсеңдер, мен сендердің жандарыңнан табыламын».

– Мынау қандай аспап? (Сазсырнай).

– Сазсырнай қалай шертіледі? (Үрлеп).

– Ол қандай топқа кіреді? (Үрлемелі).

– Мынау қандай аспап? (Домбыра).

– Қай топқа жатады? (Ішекті).

– Мынау қандай аспап? (Шаңқобыз).

(Музыка жетекшісі аспаптарды үрлеп, шертіп көрсетеді. Балалар да қызығып ұстап, шертіп көреді. Осы уақытта залға Ханшайым кіріп келеді).

**Ханшайым:** Сәлем, достар. Жарайсындар! Менің тапсырмаларымды өте жақсы орындадыңдар. Менің сендерге арнайы дайындаған сыйлығым бар. Оны балабақшаға барған соң ашасындар. Сау болыңдар, менің әлеміме келіп тұрыңдар! (Музыка жетекшісіне нотаның суреті бар қорапша береді).

– Ханшайым, сізге рахмет. Сау болыңыз. Біздің де балабақшаға қайтатын уақытымыз болды... Міне, балабақшаға келдік.

**Ән:** «Кел билейік».

(Музыка жетекшісі балаларға Ханшайымның сыйлығын үлестіреді).



## «ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР»



**КЕНЖИНА Ақжарқын**  
Темірғалиқызы,  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК  
музыка жетекшісі

**Білім беру саласы:** Шығармашылық.

**Оқу қызметі:** Музыка.

**Мақсаты:** Балаларды ұлттық аспаптармен таныстыру. Сөздік қорын байыта отырып, халқымыздың ұлттық өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, шығармашылығын дамыту.

**Көрнекілігі:** Музыкалық аспаптар, слайд, ноталар, фортепиано, баян.

**Үш тілділік:** Ұлттық аспаптар-национальные инструменты-national instruments, үн-звук-sound, дауыс-голос-voice, әуен-мелодия-melody, аспаптар-инструменты-instruments.

Музыка залына балалар күй ырғағына сай қимыл жасап кіреді.

– Сә-ле-мет-пе, ба-ла-лар. Здравс-твуй-те, де-ти. Go-od mor-ning, chil-dren.

(Музыка әуенімен амандасу).

**«Баспалдақ».**

– Біз барамыз жоғары. (До-ре-ми-фа-соль-соль-соль).

– Біз келеміз төмендеп. (Соль-фа-ми-ре-до-до-до).

– Біз ән айтамыз, жақсы айтамыз. (До, ми, соль, ми, до, соль, фа, ми, ре, до).

– Балалар, біз бүгін музыка әлемімен танысамыз.

Менің мамандығым музыкант. Сендер қалай ойлайсындар, неге музыкант деп аталады? (Музыкант ән айтады, домбыра тартады, аспаптарда ойнайды).

– Аспаптарда ойнап, ән шығару үшін ең алдымен не керек? (Нота керек).

– Неше нота бар? (Жеті).

– Ноталарды бірге атап шығайықшы. (До, ре, ми, фа, соль, ля, си).

– Сендер қандай аспаптарды білесіңдер? (Балалардың жауабы).

– Бүгін біз халқымыздың ұлттық музыкалық аспаптарымен танысамыз.

**Тосын сәт:** Қонаққа Алдар көсенің келуі.

**Алдар көсе:** Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен жолда келе жатып, сендердің әндерінді естіп қалдым. Менде ән айтқанды ұнатамын. Міне, тындандаршы.

– Алдар көсе, сенің домбыраңның дыбысы дұрыс

емес. Балалар, Алдар көсенің домбырасының дыбысы неге шықпай тұр? (Домбыраның тиегі жоқ).

– Дұрыс айтасындар. Алдар көсе, балалардың қасына отыр. Біз қазір ұлттық аспаптармен күй тартуды үйренеміз. Өзіңнің домбыраңмен бірге қатыссаң болады. Аспаптар үрмелі, ұрмалы, сілкімелі, ысқышты, ішекті, шертпелі болып бөлінеді.

«Екі ішектің бірін қатты,

Бірін сәл-сәл кем бұра.

Нағыз қазақ қазақ емес,

Нағыз қазақ домбыра» — деп, халқымыз ұлттық құндылығымыз саналатын қоңыр үнді, қасиетті домбыраны ерекше қастерлеген. Балалар, қолымыздағы аспаптарымызды шерттіп, оркестрлық дыбыстарды көрсетейік.

**Ойын:** «Аспапты дыбысынан табу».

**Шарты:** Балалар аспаптарды дыбысы арқылы ажыратып, табады.

– Балалар, бүгін біз домбыра, сыбызғы, қобыз аспаптарымен таныстық. Біз оларды бір сөзбен қалай айтамыз? (Ұлттық аспаптар).

– Келесі оқу қызметінде аспаптардың түрлерімен танысуды одан әрі жалғастырамыз. Ал бүгін жақсы көңіл-күймен сабағымызды аяқтаймыз.

Біздің қонағымыз Алдар көсеге де, сендерге де, алғысымды білдіремін. Сау болындар. (Сау болыңыз).





## «МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ»



**МУСИНА Ақмарал**  
Сансызбайқызы,  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім саласы:** Қатынас.

**Білім бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.

**Мақсаты:** Балаларды мамандықтың түрлерімен таныстыру.

**Көрнекіліктер:** Слайд, мамандардың суреттері, үлестірмелі материалдар.

**Билингвальды компонент:** Мамандық - профессия, дәрігер-врач, шаштараз - парикмахер.

**Шаттық шеңбері.**

**Дидактикалық ойын:** «Жасырын сурет».

**Мақсаты:** Балалардың сыни ойлау дағдыларын дамыту.

**Шарты:** Жасырын суреттің тек 2/1 бөлігі ғана көрініп тұрады. Сол суреттің қалған бөлігін табу керек.

– Жарайсыңдар! Балалар, біз бүгін мамандықтың түрлерімен танысамыз. Дәрігер, ұстаз, шаштараз, полиция, өрт сөндіруші, құрылысшы тағы басқа көптеген мамандықтар бар. Мамандықтың жаманы жоқ, тек оны дұрыс тандай білу керек. Мамандық дегеніміз – қызметтің түрлері, ал мамандық иесі дегеніміз – ол қызметті жасайтын адам. Балалар, өскенде кім болғыларың келеді? (Балалардың жауабы).

– Тамаша жауап. Ал енді экранға назар аударыңдар. (Слайд арқылы әңгімелеу, түсінік беру. Балалардан сұрау).

– Мұғалім – әріп үйретіп, білім береді. Шаштараз-адамдардың шашын кыып, сәнін келтіреді. Дәрігер-науқастарды емдейді. Әр мамандықтың өзіндік ерекшелігі бар. Біз мамандық иелеріне үлкен құрметпен қарауымыз керек.

**Сергіту сәті.**

– Балалар, би билейтін адамды кім дейді? (Биші).

– Олай болса, барлығымыз биші болып көрейік.

(Балалар «Көнілді күн» әнінің әуеніне билейді).

**Ойын:** «Мамандықты, мамандардың құралдарын тап!»

**Шарты:** Мамандықтарды атап, оларға қажетті құралдарды табу.

Балалар ойынға белсене қатысып, сұрақтарға толық жауап береді.

**4К моделі арқылы саралау әдісі.** Сыни ойлау: Ойынның мазмұны арқылы балалардың сыни ойлау дағдысы дамиды.

**Коммуникация:** Бала үні естілді.

**Командалық жұмыс:** Топпен бірлесіп жұмыс жасайды.

**Креативтілік:** Ойын кезінде бала өзіне сенімді болады.

**Қорытынды.**





## «ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПІШІНДЕР»



**БИСЕКЕШОВА Булсын  
Рамазанқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** «Таным».

**Бөлімі:** Сенсорика.

**Мақсаты:** Балаларға геометриялық пішіндер туралы түсінік беру. Оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету.

**Әдіс-тәсілдері:** Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын.

**Қажетті көрнекі құралдар:** АКТ ресурстары, пішіндер.

Себепті қызығушылығын ояту кезеңі.

– Балалар, бүгін біз геометриялық пішіндердің сиқырлы еліне саяхатқа шығамыз.

Топтағы геометриялық пішіндер бұрышына саяхаттау.

– Алдымен мына бейнебаянды тамашалап алыңдар. Сендер қандай пішіндерді білесіңдер? (Балалардың жауабы).

Саяхатта балалар бірінші дөңгелекпен кездеседі.

**Дөңгелек:**

Дөңгеленіп мен келдім,

Пішінім доп тәрізді.

– Қане, табындаршы, мен қандай пішінмін? (Дөңгелек).

**Дөңгелек:** Дұрыс айтасыңдар. Менің соңымнан тағы пішіндер келе жатыр.

Балалар тіктөртбұрышқа кездеседі.

**Төртбұрыш:** Төрт қабырғам, төрт бұрышым бар. Қарама-қарсы қабырғаларым тең.

Менің қандай пішін екенімді табындаршы? (Төртбұрыш).

Балалар жолда одан әрі үшбұрышқа кездеседі.

**Үшбұрыш:** Мықты болсаңдар мені табындаршы. Менің үш қабырғам, дәл сондай бұрыштарым бар. (Үшбұрыш).

Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтырып, түсінік беру.

**Сергіту сәті:**

Дөңгеленіп тұрайық,

Үшбұрышты құрайық.

Ауаға біздер бірігіп,

Төртбұрышты сызайық.

**Дидактикалық ойын:** «Өз үйінді тап!»

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулып, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту.

**Шарты:** Қолдарындағы пішіндерді орындарына орналастыру керек.

**4К моделі арқылы саралау әдісі.** Сыни ойлау. (Пішінін, түсін ажыратып түсінеді).


**Коммуникация:** Бір-бірін тыңдайды, бала үні естіледі.

**Командалық жұмыс:** Топпен бірлесіп жұмыс жасайды.

**Креативтілік:** Ойын кезінде өзін сенімді ұстайды.

**Іс-әрекетті бағалау кезеңі.** «Біз не білдік?».

Сұрақ-жауап арқылы балалардың білімін толықтыру. Белсенді балаларды мақтау.





## «БУРАТИНО БІЗДЕ ҚОНАҚТА»



**УРАЗГАЛИЕВА Асылай**  
**Насыболлақызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Мақсаты:** Балаларды өздеріне таныс геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білуге үйрету.

**Әдіс-тәсілі:** Көрсету, түсіндіру, үйрету, ойын, сұрақ-жауап.

**Көрнекіліктер:** Суреттер.

**Шаттық шеңбері.**

**Ғажайып сәт:** Қонаққа Буратино келеді.

**Буратино:** Сәлем, балалар, қалдарың қалай?

– Сәлеметсің бе, Буратино.

**Буратино:** Мен сендерге Карло әкейдің сәлемдемесін әкелдім.

– Қане, көрейік, ол қандай сәлемдеме? Балалар, бұл хат қой. Онда не жазылғанын оқиық. «Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен сендерге бірнеше тапсырма жібердім. Өзім оларды түсіне алмадым. Маған көмектесіңдерші».

– Балалар, Карло әкейге көмектесеміз бе? (Иә).

– Мынау дөңгелек. Ол неге ұқсайды? (Допқа).

– Дұрыс, допқа және көліктің дөңгелегіне ұқсайды. Қарандаршы, дөңгелек домалайды. Ал мынау үшбұрыш. Ол неге ұқсайды? (Пирамидаға, шатырға).

– Балалар, үшбұрыштың үш бұрышы бар. Қане, санайық, бір, екі, үш. Үшбұрыш домалай алмайды,

оған бұрыштары бөгет жасайды. Ал мынау шаршы. Ол терезеге, үйге ұқсайды. Оның да төрт бұрышы бар. Ол да домалай алмайды. Өйткені, оның да бұрыштары бөгет жасайды. Ал енді, атайдың екінші тапсырмасын орындайық. Балалар, менде бірнеше сурет бар. Олар қандай пішіндерге ұқсайтынын табуымыз керек. (Тақтаға пішіндердің суреттері ілінеді. Балалар бір суреттен алып, пішіндердің астына жабыстырады. Мысалы, алманы дөңгелектің, пирамиданы үшбұрыштың астына).

– Жарайсындар, балалар! Енді бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіту сәті:**

– Балалар, бізде тағы бір тапсырма бар. Қазір бәріміз ойын ойнаймыз.

**Дидактикалық ойын:** «Орамалды жамау».

**Шарты:** Тактадағы көк және қызыл түсті картонға қажет жамауды алып орамалдарды жамау.

– Тапсырмаларды жақсы орындап шықтындар.

**Буратино:** Балалар, қандай кереметсіңдер, рахмет! Карло әкейге көп көмектерің тиді. Тапсырмаларды қалай орындағандарыңды Карло әкейге жеткізейін. Сау болындар! (Сау бол, Буратино).

## «ЗАТТАРДЫ КӨЛЕМІНЕ ҚАРАЙ САЛЫСТЫРУ»



**ТЛЕГЕНОВА Асель**  
**Мағзомқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** «Таным».

**Бөлімі:** Сенсорика.

**Мақсаты:** Үлкен мен кішіні, бір мен көпті ажырата білуге үйрету.

**Әдіс-тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** АКТ ресурстары, ойыншықтар, суреттер.



**Себеппі қызығушылығын ояту кезеңі.** Ғажайып сәт.

– Балалар, бүгін бізге келетін қонақты білу үшін, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын. Жауабын тапсаңдар, оның не екенін білесіңдер.

**Жұмбақ:**

Адамға серік,

Күзетке берік.

Ол адамның досы. (Ит)

– Сәлеметсің бе, біздің топқа қош келдің.

**Ит:** Сәлеметсіңдер ме, менің кішкентай достарым. Ауф-ауф. Менің күшігім ойыншықтардың барлығын шашып тастады. Оларды жинайын десем, үлкен және кішкентай ойыншықтар араласып кетіпті. Сондықтан сендерден көмек сұрай келдім. Маған көмектесесіңдер ме?

– Әрине көмектесеміз. Сен әуелі балалармен бірге мына тапсырмаларды орында. Сонан соң, сенің күшігіңнің ойыншықтарын жинаймыз. Барлығымыз теледидарға назар аударайық. (Теледидар арқылы логикалық тапсырмалар орындайды).

– Жарайсыңдар! Сонымен үлкен-кішіні айыра аламыз ба? Бір немесе көпті ше? (Иә).

– Менің қолымдағы қандай доп? Менде неше доп бар? Ол көп пе, әлде аз ба? Үлкен бе, әлде кіші ме? (Балалардың жауабы).

– Біз енді үлкен мен кішіні көлеміне қарай ажырата аламыз. Солай ма? (Иә).

– Менің қолымда неше қуыршақ бар? (Бір).

– Мына тарелкеде неше алма бар? (Көп).

– Жарайсыңдар, сендер аз-көп ұғымын да меңгердіңдер. Мен сендерге ризамын. Ит, сен көргендеріңді есінде сақтап, күшіктеріңе мұқият үйрет.

**Ит:** Иә, балалар сендер шынымен ақылды екенсіңдер. Сендерге көп рахмет.

– Балалар, енді қонағымызбен бірге ойын ойнайық.

**Қимылды ойын:** «Үлкен және кіші».

**Шарты:** Екі қораптағы араласқан доптарды көлеміне қарай бөліп жинау керек.

**4К моделі арқылы саралау әдісі.** Сыни ойлау. Үлкен кішіні ажыратуды түсінеді.

**Коммуникация:** Бірін-бірі тындайды, бала үні естіледі.

**Командалық жұмыс:** Топпен бірлесіп жұмыс жасайды.

**Креативтілік:** Ойын кезінде өзіне сенімді болады.

**Іс-әрекетті бағалау кезеңі.**

**Ит:** Балалар, үйімде күшігім күтіп қалған болар. Мен енді қайтайын. Мына сиқырлы қорапшаны сендерге сыйлаймын. Сау болыңдар балалар.

– Қандай керемет сыйлық! Мұның ішінде не бар екен? Ашып көрейік. (Ішінен тәттілер шығады. Балалар тәттілерді алады).

## «ЖАБАЙЫ АҢДАР»



**НҰРЖАНОВА Жадыра**  
**Жанболатқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім саласы:** «Таным».

**Бөлімі:** Жаратылыстану.

**Мақсаты:** Балаларды жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Олардың мекендейтін жері туралы түсінік беру.

**Ғажайып сәт.**

– Балалар, айналамызға қарайықшы. Не көріп тұрсыңдар? (Қораптарды).

– Олай болса, оларды бір-бірден ашып көрейік.

Ішінде не бар екен? (Қораптың ішінен ойыншықтар мен шарлар шығады. Балалар шарларды бір-бірілеп жарып, ішінен шыққан аңдардың қандай аң екенін айтады. Аю, қоян, түлкі...).

– Олай болса, тактаға назар аударып, аңдар туралы толық мәлімет алайық.

– Мына суретке назар аударыңдар. Бұл аю. Ол үлкен. Қыста тынығады. Олардың түстері қоңыр және ақ болады. (Аюдың жүрісін, қимылын көрсету).





– Қоян кішкентай, қорқақ аң. Құлақтары ұзын, құйрығы қысқа. Жазда сұр түсті, ал қыста ақ түсті тон киеді. (Қоянның қимылын көрсету).

– Түлкі қу, әрі қимылы жылдам аң. Ол тышқан, қоян, құстармен қоректенеді.

(Қимылын, жүрісін көрсету).

– Балалар, шаршаған боларсындар. Қызықты сергіту сәтін орындайық.

**Сергіту сәті:**

Қорбандаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

**Ойын:** «Андарды тамақтандыр».

**Мақсаты:** Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Ойын барысында балалар суреттегі андардың қорегін ажыратады.

– Жарайсындар! Андардың тамақтануына көмектестіңдер, рахмет сендерге.

## «КӨЛІК ТҮРЛЕРІ»



**РЫСКАЛИЕВА Клара  
Халелқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.

**Мақсаты:** Көліктерді салыстырып, ережесін сақтай білуге үйрету.

**Көрнекілік:** Бейнетаспа, суреттер, ұнтаспа, ойындар.

**Әдіс-тәсілі:** АҚТ, денсаулық сақтау, ойын технологиялары.

**Қостілдікті меңгерту:** Көлік-машина, жедел жәрдем-скорая помощь.

**Шаттық шеңбері.**

– Балалар, бүгін біз көлікке отырып саяхатқа шығамыз. (Балалар қызығушылық танытып, көлікке отырады).

– Бұл көліктің түрі машина деп аталады. Енді машинадан түсейік. Қазір көлік түрлерімен танысамыз. Мынау қандай машина? (Үлкен).

– Балалар, үлкен машинаны жүк тасымалдайтын көлік дейміз. Ал көлемі кішісін жеңіл машина деп атайды. Олар қайда жүреді? (Жолдарда).

**Д/О:** «Ненің дыбысы».

– Балалар, бұл ненің дыбысы? (Машинаның).

– Дұрыс айтасындар. Көліктердің түрлері өте көп. Олар жерде, әуеде, суда жүреді. Қане, көгілдір экранға назар аударайық. (Бейнеролик көрсету).

– Мынау қандай көлік? (Балалардың жауабы).

– Дұрыс айтасындар. Мынау жедел жәрдем көлігі. Бұл көлікті басқалары кезек күттірмей өткізеді. Оның жедел жәрдем екенін білдіретін қондырғысы бар. Өйткені, науқас адамға жылдам көмек көрсетілуі қажет. Ал мынау өрт сөндіретін көлік. Пойызды машинист жүргізеді. Адамдар басқа қалаларға пойызбен барады. Онымен ауыр жүк тасылады. Кеме суда жүреді. Оны капитан жүргізеді. Кеме жолаушыларды және ауыр жүктерді тасымалдайды. Балалар, көліктердің дыбысы әртүрлі болады. Бізде бірге айтып көрейік. Машинаның моторын қыздырғанда... Ұшақ ұшқанда... Кеме жүзгенде...

**4К-сыни ойлау, бала үні.**

Қазша қанатын жаяды,

Үйрекше мойнын созады.

Құсша қонады. (Ұшақ)

Күндіз-түні күрсінеді,

Жүрген жері сілкінеді. (Пойыз)

Бірінің ізін бірі басады,

Біріне жеткізбей, бірі қашады. (Дөңгелектер)

**Дидактикалық ойын:** «Көлікті тап».

**Мақсаты:** Көліктерді ажырата білуге үйрету.

**Шарты:** Ойыншықтар арасынан көлікті табу.

**Д/О:** «Бағдаршам».

Балалар ойындарды қызығушылықпен ойнайды.

**Қорытынды.**



## «ҚЫСҚЫ ОРМАНҒА САЯХАТ»



**ҚУАНТАЕВА Әсел**  
**Серікқалиқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.

**Мақсаты:** Балаларды жануарлардың қысқы тіршілігімен таныстырып, оларды ажырата білуге үйрету.

**Сөздік жұмыс:** Апан, құбылыс, азық, үлпілдек, корек, жыртқыш.

**Көрнекілігі:** Қысқы орман көрінісі, ақ маталар, ағаштар, аю-апаны, аңдардың суреті, себеттегі сәбіз муляжы, бал бөшкесі макеті.

**Қостілділік:** Аю-медведь; қоян-заяц; түлкі-лиса; қасқыр- волк.

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде табиғатта қандай құбылыстар болады? (Балалардың жауабы).

– Ормандағы жабайы аңдардың қыстағы тіршілігін білесіңдер ме? (Иә).

– Олай болса, қысқы орманға саяхатқа барайық. Орманда адасып, кетпеу үшін сызбаны қарап алайық. Сонан соң, аңдарға базарлық әзірлейік. Қоянға сәбіз, аюға балбөшкесін, қасқыр мен түлкіге ет алайық. Балалар, қыста мына киімімізбен шықсақ тоңамыз ғой. Далаға шығу үшін не істейміз? Қандай киім киеміз? (Жылы киім киеміз).

– Орманда шуылдап, алысып ойнауға, ағаштарды сындыруға болмайды. Осы ережелерді есте сақтаңдар. Ал енді ақырындап орманға кірейік. Ұйықтап жатқан аңдарды оятып алмайық. Балалар, қараңдаршы қандай әдемі! Аппақ қар жер бетін, ағаштардың бәрін мамықтай басып жатыр. Мүлгіген тыныштық. Ауасы қандай таза. Қане, терең тыныс алайық.

**«Тыныс алу» жаттығуы.**

– Балалар, қоян көрінбейді ме? (Жоқ).

– Онда сиқырлы дүрбімізбен қарайық.

Енді көрінді ме? (Иә).

– Қалай ойлайсыңдар, ол жана неге көрінбеді? Өйткені, қоян ақ тонын киіп алған. Ол оны қыста қорғаныш үшін киеді. Жазда сұр болады. Қоян қыста немен қоректенеді? (Ағаштың бұтағы, қабығы, бүршіктермен қоректенеді).

**Қоян:** Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің арнайы дайындаған тапсырмам бар еді. Соны орындап бересіңдер ме?

**Ойын:** «Жануарлардың қорегін тап?». (Балалар тапсырманы орындайды).

– Балалар, қоянға әкелген сыйымызды берейік. (Қоян алғысын білдіреді).

– Балалар, мынау ненің дыбысы, не ұлып жатыр? (Қасқыр).

– Қасқырдың түсі сұр болады. Ол жыртқыш аңдар қатарына жатады. Сондықтан ол ұсақ жануарлардың етімен қоректенеді.

**Қасқыр:** Балалар, мен сендерге бір ойын дайындадым. Бірге ойнайық.

**Ойын:** «Жануарлардың құйрығын тап».

**Қасқыр:** Жарайсыңдар! Ойынды жақсы ойнадыңдар. Рахмет сендерге.

(Балалар қасқырға әкелген сыйлығын береді. Орманда түлкіге кездеседі).

**Түлкі:** Балалар, бүгін күн салқын екен. Мен тонып қалдым.

– Балалар, түлкімен бірге жылынып алайық.

**Сергіту сәті.**

– Мұнда қараңдаршы, үлкен қар төмпешігі тұр ғой. Қателеспесем, бұл қар басып қалған аюдың апаны болуы мүмкін. Тыныш, аю ұйықтап жатыр. Ол күзде өзіне жерді қазып апан жасап алады. Сонда көктемге дейін ұйықтайды. Ол өзіне азық жинамайды. Аю бал, дала жидектерімен қоректенеді. Балықты сүйсініп жейді.

**Ойын:** «Балық аулау».

– Балалар, аюды көп мазаламайық, оянып кетпесін. Аулаған балықты апанына қояйық. Ұйқысынан тұрған соң бізге алғысын айтар.

Міне, осымен саяхатымыз аяқталды. Олай болса тобымызға оралайық.

**Қорытынды.**

*Батыс Қазақстан облысы  
Жаңақала ауданы*



**КАБИРОВА Айгул Досболатқызы,**  
«Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК менгерушісі



**АСҚАРОВА Акторғын Саматқызы,**  
«Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК әдіскері







«Жаңақала балалар бөбекжайының» тыныс-тіршілігінен көріністер







## «ТӘРБИЕШІ – БАЛАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН КЕҢЕЙТІП, ҚИЯҒА ҚАНАТТАНДЫРАДЫ»



**ӘЛІМХАН Сафура  
Омарбекқызы,**  
«Нұр-бөбек» бөбекжай-  
балабақшасының әдіскері

Тәрбиеші білімін, ақыл-ойы мен күш-қуатын балаларға арнап, аянбай еңбек етеді. Ол баланың дүниетанымын кеңейтіп, қияға қанаттандырады. Сондықтан болар кейбір дарынды ойшылдар, тіпті арман қуған балалар да бала жанының бағбаны тәрбиешілерді пір тұтып қадірлейді.

Таяуда Алматы облысының Іле ауданына қарасты Казцик ауылындағы «Нұр-бөбек» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілері арасында мамандарды қызметке бейімдей отырып, кәсіби біліктіліктерін арттыру, шығармашылығын жетілдіру, теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы кәсіптік құзіреттілігін нығайту, ұжымдық қарым-қатынасқа психологиялық тұрғыдан бейімдеу, өзара тәжірибе алмасу мақсатында байқау ұйымдастырылды. Аталмыш байқау төмендегідей шарттар бойынша өтті.

1. «Сәлем сөздің-анасы». (Таныстыру).
2. Бес білім беру саласы бойынша көрнекі-құралдарын жасау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің көрсетілімі.

4. Серуендегі іс-әрекеттер бойынша өз іс-тәжірибесін қорғау. (Слайд).

5. Топтың безендірілуі.

6. Қорытынды.

Байқауға жан-жақты дайындықпен келген тәрбиешілер жеребе арқылы өздерінің реттік сандары бойынша бақ сынасты. Білімі мен шеберлігін додаға салған тәрбиешілер бірінен-бірі оза шауып, өздерінің жоғары деңгейдегі дайындығын көрсетті. Балабақшамыздың меңгерушісі Каумбекова Ұлбала, кеңесші Еденбаева Зауре, тәрбиеші Тынымбаева Мейрамул байқауға қатысушылардың ізденісін, шеберлігін жоғары бағалап, әділ бағасын берді. Әділқазы алқасының шешімі бойынша байқау шарттарынан сүрінбей өтіп, жоғары ұпай жинаған Сымбат Сүйіндікова Бас жүлдені жеңіп алды. Мадина Нусипходжаева I-орынды, Тоғжан Ескендір мен Индира Амеркулова II-орынды иеленді. Байқау жеңімпаздарына алдағы уақытта да ұрпақ тәрбиесіндегі тынымсыз еңбектеріңіз жемісті болсын, деген – игі тілегімізді білдіреміз.



**«БАЛАБАҚША – БАЛА БАҒБАНДАРЫНЫҢ МЕКЕНІ»**

**БАЙГОНУСОВА Айгүл**  
**Жұбайқызы,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-  
бақшасының меңгерушісі

Жыл өткен сайын жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялауы – соның айқын дәлелі. Ел президенті өз Жолдауында «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» – деді. Сәйкесінше, бүгінде мемлекет қолдауымен мектептер мен балабақшалар саны артып, педагог мәртебесіне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл өз кезегінде болашақтың тізгінін ұстар саналы ұрпақтың қалыптасуына ықпал етері сөзсіз. Ертенгі елдің тұтқасын ұстайтын тұлға қалыптастыру жолында тек жаңа білім ордаларының санын арттырып қана қоймай, сапаға да мән берген абзал. Бүгінгі күні бұл үдеден шыққан білім беру ұйымдарының бірі Жамбыл облысының Жамбыл ауданына қарасты Түркісіб ауылындағы «Нұршуақ» бөбекжай-бақшасы. Аталған балабақшада бүлдіршіндер тәлімді тәрбие алып, шығармашылықпен айналысуына барлық жағдай жасалған. Кішкентай балғындар алдымен ата-ананың тәрбиесінен, мінез-құлқыннан, сөйлеген сөзінен, әр ісінен үлгі алады десек, одан кейін баланың жан-жақты дамуына балабақшадағы тәрбиешісі әсер етеді. Сондықтан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бала бағбандарының алатын орны ерекше. Бүгінгі күні «Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешілері бүлдіршіндерге саналы тәрбие, сапалы білім беру үшін педагогикалық әдістемелерге сүйене отырып, әркез кешенді іс-шаралар ұйымдастырады. Балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу үрдісі Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүргізіледі.

Балабақша бүлдіршіндердің келіп-кететін мекені немесе ата-аналар үшін баласын уақытша қалды-

ратын орын болмауы тиіс. Осындай көзқарас қалыптаспауы үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүргізілетін жұмыстар үнемі жанартылуы тиіс. Бұл ретте бүлдіршіндердің балабақшаға деген қызығушылығын арттыру әр педагог-тәрбиешінің біліктілігіне байланысты.

Бала – ел болашағы. Әрбір бүлдіршіннің бойына ата-анаға, елге деген сүйіспеншілікті сіңіріп, бар қажыр-қайратымен аянбай еңбек етіп жүрген педагогтарымыз аз емес. Осы тұрғыда балабақша әдіскері Б.Абдимомынова, психолог А.Сейткулова, тәрбиешілер Л.Джалалова, Г.Агибаева, Э.Алиева, Ж.Идирисова, К.Амантаева сынды бала жанының бағбандарының еселі еңбегін атап өткен орынды деп ойлаймын. Балабақшада барлық жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіледі. Мерекелік ертеңгіліктер, түрлі спорттық шаралар, сайыстар, байқаулар жиі ұйымдастырылады. Ата-аналармен де тығыз байланыстамыз. Ізінен ерген ұрпағына саналы тәрбие мен білім беру – ата-ананың парызы. Осы тұста балабақша ұжымына артылар жауапкершілік жүгі де орасан. Сондықтан баланы адамгершілікке үйретуде, ерте жастан еңбекқорлыққа баулуда, білімді болуға құлшындыру жолында біз де аянбай өз үлесімізді қосудамыз.

Балабақшаны – бала бағбандарының мекені деп танысақ, оны бақыттың баспалдағына айналдыру біздің біліктілігіміз бен еңбекқорлығымызға байланысты екені анық. Бөбекжайдың табалдырығын имене аттаған әрбір бүлдіршіннің алғашқы қадамынан-ақ, ертеңге деген нық сенімді, патриоттық сезімді ұялатып, білім мен тәрбие беретін алтын қақпаның иесі атану оңай емес.





## «БАЛАБАҚША – ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ»



**АБДИМОМЫНОВА Ботагөз,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-  
бақшасының әдіскері

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орнын алуы оның білім беру жүйесінің даму бағытына тікелей байланысты екені белгілі. Жеке тұлғаны дамытуға қызмет ететін білім мен тәрбиенің негізі – балабақшадан бастау алатыны бүгінгі күні білім беру жүйесінде дәлелденген ақиқат. Тәрбиенің тал бесігі – балабақша табалдырығынан басталады. Ізгілік пен парасаттылыққа жол көрсетер іргелі орынның бала тәрбиесінде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Сондықтан оларға дұрыс тәрбие беру, жан-жақты дамуын қадағалап, білімді де парасатты тұлға етіп шығару баршамызға жүктелер жауапты міндет.

Балабақшада балалар қоршаған ортаға бейімделеді. Онда кішкентай балғынның алғашқы дүниетанымы қалыптасады. Болашақтың тұтқасын ұстар жас буынды қалыптастыруда біздің бөбекжай-

бақшамыз заман талабына сай бірегей білім беру ұйымдарының бірі десек, артық айтқанымыз емес. Себебі бүлдіршіндердің алаңсыз, бақытты балалық шағының мекеніне айналған бұл бақшада олардың уақыттарын көңілді де тиімді өткізулері үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда заманауи үлгіде жабдықталған робототехника кабинеті, балғындардың талғамына және жас ерекшеліктеріне сай безендірілген бөлмелер, музыка және спорт залдары, ойын алаңдары бар. Баламен жұмыс істеу оңай емес. Сондықтан баланы жастайынан оқу-білімге, тәлім-тәрбиеге баулып, оның бойына адамгершілік қасиетті қалыптастыруда біздің балабақшамыздың ұжымы ортақ мақсатта жұмыла жұмыс істеп, ұлттық рухы биік бүлдіршіндер тәрбиелеуде аянып қалмақ емес. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы десек, балабақша – сол тәрбиенің алтын бесігі.

## «БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОЙЫН МЕН ОЙЫНШЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ»



**СЕЙТКУЛОВА Айнур,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-  
бақшасының педагог-  
психологы

Балалық шақтағы ойын жәй ғана ермек емес, ол баланың негізгі іс-әрекеті, оны жан-жақты дамытудың тиімді құралы. Сондай-ақ, ойын баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, психологиялық, физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. А.С.Макаренко ойынның бала тәрбиесіндегі рөлін жоғары бағалай келіп, тәрбиешінің рөлі туралы былай деп жазды: «Мен де педагог

ретінде олармен аздап ойнауға тиіспін. Егер мен тек қана үйретіп, талап етіп, айтқанымды істетіп тұрсам, онда мен, бәлкім, пайдалы, бірақ жақындығы жоқ бөгде күш қана боламын. Мен міндетті түрде аздап ойнауға тиіспін және мен өзімнің барлық әріптестерімнен осыны талап еттім». Яғни, тәрбиеші оқу қызметін ұйымдастырғанда ойын таңдаудың маңыздылығына ерекше мән беруі керек. Бір бала ойында



шынайы өмірді бейнелесе, енді бірі ішкі сезімін білдіреді. Алайда, ойыншықсыз балалар әлемін дамыту мүмкін емес. Қазіргі таңда дүкен сөрелеріндегі ойыншықтардың көптігі соншалық, қайсысын таңдарынды білмей қиналасың. Көбіне ойыншықты баланың таңдауымен аласыз. Өйткені, балалардың айналасын танып білуде, достарымен қарым-қатынас жасауда ойыншықтардың маңызы ерекше. Оларды қолдану арқылы баланың ой-өрісі дамиды. Ойын мен ойыншық бір-бірінен ажырамайды. Ойыншық ойынға деген қызығушылықты оятса, ал ойын жаңа ойыншықты қажет етеді. Ойынның негізгі ерекшелігі балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін бейнелеуі болып табылады. Ал ойыншық ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлардың бірі. Бала ойын әлемінде өмір сүреді. Балалар ойын кезінде өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Сондықтан, тәрбиешілер, ата-аналар ойынды, ойыншықты таңдауда оның маңыздылығына ерекше мән беріп, балаларға дұрыс бағыт беруі керек. Ойыншықтар мынандай топтарға бөлінеді: Сюжеттік ойыншықтар: Куыршақтар, құстар, үй жануарлары, ойыншық көліктер, ыдыстар, жиһаздар т.б. Балалар ойын барысында бұл ойыншықтармен сөйлеседі, сырларын айтады, тілдері дамиды.

**Тұрмыстық ойыншықтар:** Көліктер, кемелер, ұшақтар, телефондар, теледидар, фотоапараттар т.б. Балалардың ойлауы мен шығармашылықтарын дамытады.

**Спорттық ойыншықтар:** Доп, кегли, моншақтар, арқан, таяқша т.б. Балаларды алғырлыққа, шапшандыққа тәрбиелейді.

**Музыкалық ойыншықтар:** Барабандар, қоңыраулар, сылдырмақтар т.б. Балалардың әуенге, дыбысқа қызығушылықтарын оятады.

**Сахналық ойыншықтар:** Оған ертегі кейіпкерлері жатады. Балалардың сөйлеу, ойлау, елестету, қиялдау қабілеттерін дамытады.

**Дидактикалық ойыншықтар:** Пирамидалар, мозаикалар, үстел үсті ойындары, лото, жұптасқан суреттер, құрастыру ойыншықтары. Бұлар балалардың сенсорикалық ақыл-ойын дамытады. Ұлттық ойыншықтармен ойнау барысында балалар, өз ұлтын, тілін құрметтеуге үйренеді. Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», «4-не артық?» т.б.

Кішкентай сәбилер үшін ең бірінші сезу мүшелерін дамыту керек: көру, есту, сипау. Сондықтан, сәбилердің ойыншықтары жылы әрі жұмсақ болуы керек. Бояуы қанық, дыбыс шығаратыны болғаны дұрыс. Ал үш жастағы балаларға құрастырмалы ойыншықтарды көбірек ұсынған жөн. 4-5 жастағы балалар үшін ойынды толықтыратын заттарды алу қажет. (Бас киімдер, халаттар т.б.). 6-7 жастағы балаларға сюжетті-рөлдік ойындарды ұсынған дұрыс. Осы жастағы балалар ойыншықтарды шынайы заттармен салыстырады, ұқсастықтарын табады. Ойын барысында іскерлік дағдылары қалыптасады.

## «ТӘРТІП – ТӘРБИЕНІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ»



**ҚУАНДЫКОВА Құралысұлу,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі

Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ. Алайда ата-ананың білімі, тәрбиедегі ұстанымы, жауапкершілігі бәрінен де маңызды. Олардың бірі балаларын балабақшаға беріп, тәрбиешілерге сенім артса, енді бірі үйдегі ата-әженің тәрбиесіне көбірек сүйенеді. Бала қайда, қалай тәрбиеленсе де, ең бастысы ертеңгі күні дені сау, сауатты, саналы болып өсуі тиіс. Баланың тәртіпті, өнегелі болып өсуі ата-анасының тәрбиесіне байланысты дейміз. Отбасындағы жақсы тәрбие дегенді қалай түсінесіз? – деген сауалға әркім әралуан жауап береді. Мысалы, болашақ ата-аналар арнайы

әдебиеттерді оқу арқылы немесе білім берудің арнайы әдістерін меңгеру арқылы балаға жақсы тәрбие беруге болады деп ойлайды. Педагогикалық-психологиялық білімнің керек екені сөзсіз, бірақ оның өзі жеткіліксіз. Ешқашан күмәнданбайтын, өзінің ұстанымының дұрыс екеніне сенімді, балаға не қажет екенін және оның не істей алатынын нақты білетін, кез келген уақытта қалай дұрыс шешім қабылдауға болатынын білемін – деп, айтатын ата-аналарды балаға дұрыс тәрбие береді деп айта аламыз ба? Сондай-ақ, әртүрлі жағдайларда ата-ана өз балаларының мінез-құлқын



ғана емес, сонымен бірге олардың болашақ өмірін де абсолютті дәлдікпен болжай ала ма? Үнемі мазасыз күдікпен келіп, баланың мінез-құлқында өзгеріс байқалған сайын адасып, жазалауға болатын-болмайтынын білмей, теріс қылығы үшін қаталдыққа бой алдыратын ата-аналарды жақсы деуге бола ма? Осындай сын-сауалдарға жауап іздейтін ата-аналар қатары көп. Баланың мінез-құлқындағы күтпеген жағдай оларда қорқыныш тудырады, кейде олар өз балаларының өздерін жақсы көретініне күмәнданады. Балаларының белгілі бір жаман әдеттерінен күдіктенеді, олардың болашағына алаңдайды. Олар жаман әдеттерден, «көшенен» жағымсыз әсерінен қорқады. Балаларының денсаулығына алаңдайды. Баланы өсиетті сөздер мен тәртіпті қатар ұстанып өсірудің маңызы өте зор. Алайда қаталдық пен тәртіпті жиі ұстанамыз деп, балаға деген мейірімді ұмытпау керек. Ата-ана махаббаты – баланың денсау-

лығын, тәні мен жан саулығын сақтаудың қайнар көзі және кепілі. Сондықтан, ата-ананың ең бірінші және басты міндеті – баланың сүйіспеншілігі мен қамқорлығына деген сенімін қалыптастыру. Ешқашан, ешбір жағдайда, бала ата-ана махаббатына күмәнданбауы керек. Ата-ананың барлық міндеттерінің ең табиғи және ең қажеттісі – балаға кез келген жаста сүйіспеншілікпен және ілтипатпен қарау. Кей ата-аналар балаларға сүйіспеншілік танытпау керек деп санайды. Егер бала өзін жақсы көретінін білсе, бұл оны бүлінуге және өзіншілдікке әкеледі деп есептейді. Бұл тұжырымнан үзілді-кесілді аулақ болған жөн. Тұлғаның жағымсыз қасиеттері болса, ол сүйіспеншіліктің жетіспеушілігінен, белгілі бір эмоционалдык тапшылық туындағанда, бала ата-ана мейірімінің берік іргетасынан айырылған кезде пайда болады. Сол себептен баланың тәрбиесінде барлық әрекет өз мөлшерімен болуы қажет.

## «ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН БАСТАЛАДЫ»



**Әділова ЖАНЕРКЕ,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі

Ешбір адам өз баласының қыңыр, тәуелді, өзіншіл, агрессивті болғанын қаламайды. Бес жарым жаста бала жан-жақты қалыптаса бастайды. Әр баланың табиғи даралығы болады. Ал оны отбасылық қарым-қатынастармен бұзбау, басып тастамау өте маңызды. Ерте жастан тәрбиелеу баланың табиғатқа тән қабілетін дамытады. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасы, нәрестенің жеке ерекшелігі алғашқы айлардан ақ көрінеді. Бала бастапқыда өзінің даралығын қабылдайды. Ол өсе келе білім алатын ортаға бейімделуі керек. Ондағы кез келген шектен шығу қате болып табылады. Тәрбие процесінде баланың мінез-құлқын қалыптастыруға, оның мінезіндегі жағымсыз қасиеттерді өзгертуге, жоюға және жағымды қасиеттерді бойына сіңіруге болады. Ол үшін баланың тәлім-тәрбие, білім алуына жағдай жасап, жеке ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Бала алғашында отбасындағы үлкендердің мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне еліктейді. Әке, шеше, әже, ата... Балабақшаға барған кезде оған айналадағының бәрі қызық. Алғаш үйренген тақпақтар мен әндер, ойындар, ертегілер, жаңа достар... Содан кейін мектеп басталады. Бұл кездегі ата-ананың бірінші қателігі – бала-

ларын басқа балалармен салыстыру. Неге, бір партада отырып, досың бес деген бағаны, ал сен төрт аласың. Әкесі мен анасы баланы тәрбиелеуге асығады. Кейде онымен арадағы жақындықты бұзуға дейін барады. Мектептегі баланың жас ерекшеліктеріне икемділік, ізденімпаздық, сенгіштік сияқты қасиеттер жатады. Балалар өз сезімдерін тежеуді, сыртқы көрінісі бақылауды білмейді. Олар қуанышты, қайғыны, қорқынышты, наразылықты тікелей және ашық білдіреді. Уақыт өте келе өз сезімдерін басқару, жағымсыз әдеттерді тежей бастайды. Ересектерге және кейбір құрдастарына, сондай-ақ, сүйікті кітаптарымен мультфильмдердің кейіпкерлеріне еліктейді. Бұл, бір жағынан қоғамдық құнды қасиеттерді тәрбиелеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, белгілі бір қауіп төндіреді. Бала позитивті ғана емес, өзін қызықтыратының бәрін көшіреді.

Мен әрқашан балалардың эмоционалды, өте байқағыш, өзіне сенімді екеніне таң қаламын. Олар мақтау айтуды біледі. Бұл отбасында ересектер оған назар аударады дегенді білдіреді. Мен өз кезегімде балаларға жылы сөздер айтып, еркелетуге, жағымды қылықтарына қарай мақтауға тырысамын. Алайда, мен әр нәрсенің өлшемін білемін.



## «БАЛАБАҚША – БАҚЫТТЫҢ БАСПАЛДАҒЫ»

**ӘБДРАШ Ақнұр,**

«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Тәрбие – бесік жырымен басталып, балабақшадан баулынып, мектептен меңгертіліп, жоғарғы оқу орнынан терең біліммен игеріліп, тағдыр жолында тәжірибен өтетін бағдарлама. Данышпан халқымыз «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, бұрын бала мектепке барғанша ата-әжелердің тәрбиесін меңгере өсетін. Бұрын қазақы тәрбиенің қаймағы бұзылмаған ортасында өскен дала баласына балабақша жат көрінетін. Уақыт өте келе бесіктен белі шықпаған баланы балабақшаға табыстау үрдіске айналды. Әрине, баланың барлық жауапкершілігі осы орайда тәрбиешіге жүктелетіні белгілі. Балабақша – тәрбие ошағы. Әр үйдің еркелері бас қосқан мекенде олардың көңілін табу, қабақ шытпай қарсы алып, барлық еркелігін көтеру тәрбиешінің төзімділігін қажет етеді. Әртүрлі мінезді балаға бірдей тәлім-тәрбие беріп, баулу да үлкен тәжірибе. Балабақша – баланың ортағы бейімделуінің бастамасы десек, ал тәрбиеші – сол балабақшаның жүрегі. Яғни, олардың қолына бала сеніммен тапсырылады. Баланың балабақшадағы алғашқы қадамын әрі қарай дұрыс қалыптастыруда тәрбиешінің ықпалы зор. Балабақша – бүлдіршіндердің бойына ертеңге деген нық сенім

ұялатып, жүректерінде патриоттық сезім жалындаған ұлт ұрпағын тәрбиелейтін алтын қақпа болуы тиіс. Біз мұнда дұрыс тәлім-тәрбие бере алсақ, бала мектепке барғанда саналы түрде білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін, жерін сүйетін азамат болып шығары анық. Біз түрлі болашақ мамандық иелерін тәрбиелейміз. Сондықтан алдымызға келген әрбір бүлдіршіннің бойына әділдік пен сүйіспеншілікті, жауапкершілікті, ұстамдылықты, төзімділікті сіңіре білуіміз қажет. Балалар біздің болашағымыз. Әр отбасында дүниеге келген сәбидің тілі өзінің ана тілінде шығуы тиіс. Біздің басты міндетіміз ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізді түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Кішкентай ғана сәбидің өз ана тілінде тілі шығып, ойлау қабілетінің дамуы – ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілін жастайынан бойына сіңіріп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, инабатты, биязы, ибалы болып өсетіні белгілі. Сондықтан, болашақ ұрпақты балабақшадан бастап ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Тәуелсіз еліміздің жас ұрпағының білімді, жан-жақты дамыған, дені сау, рухани бай, саналы болып өсуіне өз үлесімізді қосайық.

## «БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТӘРБИЕШІНІҢ РӨЛІ ҚАНДАЙ?»



**ДЖАЛАЛОВА Лаззат,**

«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тіл маманы

Қай ғасырда болмасын, тәрбие, оның ішінде бала тәрбиесі назардан тыс қалған емес. «Бала – бауыр етің», «Баланы жастан» дейді халық даналығы. Осы екі ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің мәні сыйып тұр. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі бір. Ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі балалар бұрынғыдан бөлек. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше.

Себебі, балабақшаға баратын бала жан-жақты жетіледі. Балабақша ұжымы келешек ұрпақтың тәрбиелі болып өсуіне қызмет етеді. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті – бәрі балаға үлгі-өнеге. Ұрпақ тәрбиесі ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы. Білім мен тәрбие – бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі процесс. Жаңа заманның жаңашыл ұстазы осы екі үрдісті бірдей алып жүруі тиіс. Ал тұлға тәрбиелеудегі



тәрбиешінің рөлі қандай? Тәрбиешінің өнегелі істер мен тәлім-тәрбиеге, адам өміріне әсері, ықпалы зор. Тәрбиеші ол кішкене ғана баланың көңілін тауып, үлкен өмірге қанаттандырады. Баланың жан дүниесін түсініп, оның дамуы үшін бар күшін салады. Тәрбиеші – жас ұрпақтың бойына тәрбиенің алғашқы негіздерін қалыптастыра алатын, адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағалай ала-

тын, әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оны түсіндіре алатын маман болуы керек. Тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші – әдептілік, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін ортаға лайықты ұстай білуі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Тәрбиеші болашақ ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіне білуі тиіс.

## «МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН!»

**АЛИЕВА Эльмира,**

«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Қолдарында жалауша, гүл, шарлар ұстаған балалар әуенмен музыка залына кіреді. Би кимылдарын орындайды.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер, бөбекжай-бақша ұжымы, Сіздерді 25 қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін. 130-дан аса ұлт өкілдері тұратын, қойнауы байлыққа толы, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген осынау қасиетті мекенде тұратын әрбір адам өз Отанын ерекше сүйіп, оны мақтан етеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт, бірлік күн талабы,  
Токтамайды дүбірлі әні.  
Мәңгі бақи шырқалады,  
Республика Әнұраны!

**Әнұран орындалады.**

**Ән:** «Тәуелсіздік тұғыры!»

Осы кезде ортаға саяхатшы келеді.  
– Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз?

**Саяхатшы:** Мен ел аралап жүрген саяхатшымын. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім. Сәлеметсіздер ме, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай ел? (Қазақстан Республикасы).

**Саяхатшы:** Президенттерің кім? (Қасым-Жомарт Тоқаев).

**Саяхатшы:** Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме? (Ашық аспандай көгілдір Туымыз, мағыналы Әнұранымыз, қасиетті бой тұмар Елтаңбамыз бар).

– Балалар, біздің қазақтың киелі үйі қалай аталады? (Киіз үй).

– Жарайсындар балалар! Осы киіз үйіміздің керегелері, шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген. Сендер оларды өте жақсы білесіңдер.

**Ойын:** «Киіз үй».

**Саяхатшы:** Балалар, сендерден киіз үйдің қалай құрылатынын үйренгім келеді. Маған көрсетесіңдер ме? (Балалардың жұмысы).

**Саяхатшы:** Өркендерің өссін, талаптарыңа нұр жаусын! Енді менің қайтатын уақытым болды. Сендер білімді, ақылды, елін қорғайтын азамат болыңдар. Жігіттер ер жүректі батыр болсын, қыздар сұлу-сымбатты, абыройлы болсын. Көріскенше сау болыңдар балалар! (Саяхатшы балалармен қоштасып шығып кетеді.)

**Ән:** «Қазақтың қызымын».

**Би:** «Қызыл алма».

**Айша:**

Саркылмайтын қуатым,  
Тірегімсің Қазақстан.  
Мәңгі соғып тұратын,  
Жүрегімсің Қазақстан.

**Дида:**

Отан асыл анамыз,  
Ана сүтін ақтаймыз.  
Есейгенде ер болып,  
Елді жаудан қорғаймыз.

**Инабат:**

Ер еңбегі шалқып, тасқан,  
Ел еркіндей бақыт тапқан.  
Неткен сұлу, неткен көркем,  
Осы менің туған өлкем!

**Айзере:**

Көгінде күн нұрын төккен,  
Жерінде гүл жұпар сепкен.  
Неткен сұлу, неткен көркем,  
Осы менің туған өлкем.

**Би:** «Батырлар».

**Ән:** «Бақытты бала».

**Флешмоб «Алға Қазақстан».**

– Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл әлемге бейбітшілік тілейміз. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын! Сау болыңыздар.



## «ҒАРЫШ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ»

**ИДИРИСОВА Жұлдыз,**

«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

**Мақсаты:** Балаларға ғарыш әлемі, оның құпия сырлары жайлы түсінік беру.

**Әдіс-тәсілі:** Саяхат, әңгіме, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауаптар.

**Көрнекі-құралдар:** Тақырып бойынша суреттер.

**Қостілділік:** Ғарыш-космос, ғарышкер-космонавт, зымыран-ракета, жұлдыз-звезда.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Айтындаршы, Күн қайда орналасқан? (Аспанда).

– Дұрыс айтасындар. Ал, ғарыш дегеніміз не? (Аспан әлемі).

– Біздің бүгінгі оқу қызметіміз аспан әлемі жайында болады. Міне, мынау ғарыш. Ол жерге ғарышкерлер Байқоңырдан ұшып, ғарышты зерттейді. Онда тоғыз планета бар. Ең үлкені – Юпитер, ең кішісі – Плутон. Планеталар күнді айналып жүреді. Ғарышқа кез келген адам ұша алмайды. Ол үшін денсаулығы мықты, білімді, батыр болуы керек. 12-ші

сәуір ғарышкерлер күні болып саналады. Өйткені, бұл күні ең алғаш ғарышқа Юрий Гагарин ұшты. Ал қазақ халқынан ғарышқа ұшқан ғарышкерлер Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов. Сендер ғарышкер ағаларымыз сияқты ғарыш әлеміне саяхат жасағыларың келеді ме? (Иә).

– Ол үшін арнайы киімдерімізді киюіміз керек. Қане, зымыранға отырайық. Көзімізді жұмып 5-ке дейін реттік және кері санаймыз. (Балалар санайды).

– Жарайсындар! Балалар, карандашты, қандай тамаша! Мынау ғарыш әлемі. Мұнда көптеген жұлдыздар бар. Мына планеталарды ғарышкер ағаларымыз сендер көрсін деп дайындапты. Мына ғаламшар Жер деп аталады. Жерден басқа ғаламда су, топырақ, ауа болмайды. Сондықтан Жер ғаламшарында адамдар, жан-жануарлар тіршілік етеді. Қане, балалар осы ғаламшарларды және зымыранды өзіміз ермексаздың көмегімен құрастырып көрейікші. (Балалардың жұмысы).

## «ҒАЖАЙЫП МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІ»



**АГИБАЕВА Гулим,**

«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының мектепалды топ тәрбиешісі

**Сөйлеуді дамыту.** Математика негіздері. Мүсіндеу.

**Мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін тиянақтау. Ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту. Саусақ моторикасын қалыптастыру. Білімге деген құштарлығын ояту. 1-10-ға дейін тура және кері санау. Қарапайым есептерді шығаруға үйрету.

**Әдіс тәсілдері:** Көрсету, бағыт-бағдар бере отырып әңгімелеу, сұрақ-жауап.

**Көрнекілігі:** Сандар, робототехника бөлшектері, слайд.

**Шаттық шеңбері.**

**Ғажайып сәт:** Музыка әуенімен мұғалім апай келеді. Ол балалармен амандасады.

**Мұғалім:** Балалар, менің қолымда мектепке ша-

қыру қағазы бар. Бірақ оны тек білімдерінді көрсету арқылы ғана аласыңдыр. Өйткені, мектепке тек жақсы оқитын, тәртіпті, ақылды балалар ғана барады. Сендердің мектепке барғыларың келе ме? (Иә).

– Балалар, мектепке дайындығымызды көрсетейік. Бізге мұғалім апай көп тапсырмалар мен жұлдызшалар ала келіпті. Әр тапсырманы дұрыс орындаған топқа жұлдызша беріледі. Тапсырманы орындауға дайынсындар ма? (Дайынбыз).

– Біз тапсырмаларды орындау үшін 2-топқа бөлінеміз. (Балалар екі топқа бөлінеді).

**1-тапсырма:** Ойын: «Адасқан сандар».

**Шарты:** 1-10-ға дейінгі сандарды тура және кері санап, ретімен қойып, ребусты шешу.



– Балалар, ребустың шешуін бірге оқимыз. «Ғажап математика әлемі» деген сөз шықты. Жарайсындар! Енді келесі тапсырманы көрейік.

**2-тапсырма: Ойын:** «Танграм».

**Шарты:** Геометриялық пішіндерден 1-10-ға дейінгі сандарды құрастыру.

– Балалар, тапсырманы өте тамаша орындадыңдар. Жарайсындар!

**3-тапсырма: Ойын:** «Робототехникалық элемент бөлшектерінен пішіндер жасау». (Балалар тапсырманы орындап, қандай пішін жасағандарын айтып береді).

– Балалар, енді бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті арқылы математикалық есептер шығарып, мектепке дайындығымызды көрсетейік.

**Сергіту сәті.** Балалар есептерді шығарады.

**4-тапсырма: Ойын:** «Гүл құрастыру». (Балалар тапсырманы орындайды).

– Өте тамаша! Осы гүлдердің тез өсіп шығуы үшін біз оған қандай күтім жасаймыз?

(Жарық жерге қойып, су құямыз).

– Балалар, енді тәжірибе арқылы судан кемпіркосақтың бейнесін жасап көрейік. Алдымен суға қант және бояулар қосамыз. Суды әбден араластырып, оны шприцпен шыны стаканға құямыз. Оның ішінде кемпіркосақ пайда болды. (Балалар кемпіркосақтың бейнесін көріп, қуанады).

– Жарайсындар! Сендер бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстындар. Ал енді мен сендердің жұлдышаларыңды санап көрейін. Қай топ жеңіске жетті екен. (Жеңімпаз топты атап, балаларды марапаттау).

## «МЕНИҢ ОТБАСЫМ»



**ТЕҢІЗБАЕВА Мөлдір,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

**Мақсаты:** Балаларға отбасы туралы түсінік беру. Отбасын сыйлауға үйрету. Есте сақтау, көру, ойлау, сөйлеу, танымдық процестерін дамыту. Зейінін шоғырландыру. Үлкендерді құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, суретпен жұмыс, Луллий шеңбері, Танграм әдісі.

**Көрнекілігі:** Отбасы суреті, үй, дидактикалық материалдар.

– Балалар, айналамыздағы көптеген үйлерде кімдер тұрады? (Отбасы).

– Иә, барлық үйдің отбасы болады. Олар бір-бірімен тату-тәтті тұрады. (Балаларға ұнтаспадан жарығым, ботам, құлыным, күнім деген жылы сөздер тыңдатылады).

– Балалар, осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? (Балалардың жауабы).

– Сендерге жылы сөздерді ата-әже, әке-ана, бауырларың, жақындарың айтады екен. Оларды біз бір сөзбен кімдер деп айтамыз? (Отбасы).

**Дидактикалық ойын:** «Күн мен бұлт».

**Шарты:** Балалардың алдына бұлттың суреті қойылады. Тәрбиеші әр отбасында болатын түрлі жағдаятты айтады. Егер ол жағдай отбасына бақыт

сыйласа, балалар күнді, егер көңіл қалдыратындай болса, бұлтты көрсетеді.

– Сендер аналарыңа көмектесесіңдер ме? Серуенде киімдеріңді былғайсындар ма? Ойыншықты жинайсындар ма? Достарыңды ренжітесіңдер ме? Әжелеріңе қамқор боласындар ма? Аталарыңды туған күнімен құттықтайсындар ма?

**Луллий шеңбері.** «Қай зат кімдікі?».

**Шарты:** Балалар отбасы мүшелерінің суретінің тұсына өзіне тиесілі затты қояды.

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін ажыратып, кімге қай зат тиесілі екенін табуға үйрету.

**Буклет әдісі.** Отбасылық ағаш.

Әр бала ағашқа отбасы мүшелерінің суретін іліп, өз отбасы туралы айтады.

**Танграм ойыны.** «Бұл кім?».

Суретті құрастырып, кімнің суреті шыққанын айтады.

– Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеуіміз керек.

Ортаға келіп тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау-саламат болайық!



## «5 САНЫМЕН ТАНЫСТЫРУ»



**ИБРАЕВА Айнур,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі

**Мақсаты:** Балаларды 5 санымен таныстыру. Математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ойын барысында ой-өрістерін, тілін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Әдіс-тәсілдері:** Слайд, сұрақ-жауап, ойын, көрнекілік, түсіндіру, таратпа материалдар, мнеможолдар, Луллий шеңбері.

– Балалар, бүгін бізге қонаққа апайлар келіпті. Тәрбиелі балалар екенімізді көрсетіп, апайлармен амандасайық. (Үш тілде амандасу).

– Бүгін мен сендермен бірге «Ханталапай» ойыны арқылы интеллектуалды жарыс ұйымдастырмақшымын. Ол үшін барлығымыз мына қызыл және көк түсті белгісі бар қағаздарды аламыз. Қызыл түсті таңдағандар «Алғырлар», көк түсті таңдағандар «Білгірлер» тобы болып екіге бөлінеміз. Ойын барысында берілген тапсырмаларға дұрыс жауап берген топтың қоржынына бір асықтан салынады. Ойын соңында қай топ көп асық жинаса, сол топ жеңімпаз болады. Мен шапалақ соғамын. Неше рет сокқанымды санап, соған сай таяқша көрсетіндер. (4).

– Дұрыс. 5 болу үшін неше таяқша көрсету керек? (1).

– Олай болса, бүгін біз 5 санымен танысамыз.

**1-тапсырма:** 1-5 ке дейін сандарды тура және кері санау.

**2-тапсырма:** 5 зат бейнеленген суретті бояу.

**Саусақ жаттығуы:**

Бір саусағым тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ,

Қала салсақ, жол салсақ.

**3-ші тапсырма:** 1-5-ке дейінгі сандар арасында мозайка құрау.

**4-тапсырма:** «Сөйлемді аяқта» ойыны. (Раунд-робин әдісі).

– Таңғы асты таңартен, ал кешкі асты қай уақытта ішеміз? (Кешке).

– Түнде ұйықтаймыз, ал жаттығуды қай мезгілде жасаймыз? (Танартен).

– Күндіз күн шығады, ал ай қай кезде шығады? (Түнде).

– Кешкі асты кеште, түскі асты қай уақытта ішеміз? (Күндіз).

**5-тапсырма:** Затты санымен сәйкестендір. (Луллий шеңбері).

**Қорытынды.** Сұрақ-жауап. Жеңімпаз топты анықтау.

## «КӨЛІК ТҮРЛЕРІ»

**ЕРЖИГИТОВА Айгерім,**

«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

**Мақсаты:** Балалардың көліктер туралы түсінігін қалыптастыру. Көлік түрлерімен таныстыру. Жолда жүру ережесін түсіндіру. Көру және есту арқылы қабылдауды, зейінді, жалпы моториканы дамыту. Әдептілікке, мейірімділікке, тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру, әңгімелесу, жұмбақ жасыру, көрсету, сұрақ-жауап, Дьенеш блоктары, Кубизм әдісі.

**Қажетті құралдар:** Техникалық құрал-жабдықтар, көлік түрлері, бағдаршам, слайд.





**Сөздік жұмыс:** Машина, ұшақ, пойыз, қайық.

**Билингвальды компонент:** Машина-машина-сағ, ұшақ-самолет-plane, пойыз-поезд-train, қайық-лодка-boat, көлік-транспорт.

**Шаттық шеңбері.**

**Жұмбақ:**

Төрт аяғы дөңгелек,

Екі көзі жанады.

Рөлін бұрсаң егер де,

Керек жерге барады. (Машина-көлік)

– Дұрыс айтасындар. Сендер таңертең балабақшаға келу үшін жеңіл көлікке, автобуска отырасындар. Әке-аналарың, ата-әжелерің де керек жерге жету үшін көлікті қолданады. Қазір көліктердің суретін қарайық. Мынау – жеңіл көлік. Ол адамдарды тасиды. Оған көп адам отыра алмайды. Ал мынау – автобус. Оған көп адам отыра алады. Ал жүк көлігі үлкен. Ол үлкен заттарды тасиды. Ұшақ аспанда ұшады. Алыс жерге бару үшін ұшаққа отырамыз. Кеме суда, ал пойыз теміржолда жүреді. Жолаушылар алыс жолға шыққанда ыңғайлы болу үшін пойызға отырады. Балалар, сендерде велосипед бар ма? Ол да көлік түріне жатады. Оны жол бойында тебуге болмайды. Себебі, жолда басқа да көліктер болуы мүмкін. Сол үшін жол ережесін сақтау керек. Адамдарға қызмет ететін көліктер де бар. Олар: жедел жәрдем және өрт сөндіретін көліктер. Балалар, осы көліктерді кімдер жүргізеді? (Жүргізушілер).

– Иә, олар түнімен, күнімен қызмет атқарады. Сондықтан ол кісілердің еңбегін бағалауымыз керек.

**Дидактикалық ойын:** «Ұшады, жүзеді, жүреді».

**Мақсаты:** Көліктердің ішінен суда, әуеде және жерде жүретін көліктерді ажырату.

(Балалар көліктерді үшке бөліп көрсетеді).

**Сергіту сәті:**

«Бип-бип, бип» – дейді,

«Жолдан былай кет» – дейді.

Күшікті басуға, басуға,

Болмайды, болмайды машина.

«Бип-бип, бип» – дейді,

«Жол шетінде күт» – дейді.

Көшеде жүруге асыға,

Болмайды, болмайды машина.

– Өте жақсы! Балалар, көлік жүргізушілерге жол ережесін сақтау үшін бағдаршам көмектеседі. Мына суретте бағдаршам бейнеленген. Оның үш көзі бар. Қане, түстерін атайық: Қызыл, сары, жасыл. Қызыл түс жанғанда тоқтау керек. Сары түс жанғанда дайындаламыз. Ал жасыл түс жанған кезде жүру керек. Балалар, мына бағдаршамда 3 түрлі тапсырма бар екен. Қане, орындап көрейік.

**Топтық жұмыс.**

1-ші топ: Көлікті құрастырады.


2-ші топ: Көліктерді жабыстырады.

3-ші топ: Түсіне қарай көліктерді орналастырады.

– Жарайсындар, балалар, сендер тапсырмаларды жақсы орындадыңдар. Енді Дьенеш блоктары арқылы үлгіге қарап, көлік құрастырайық. (Балалардың жұмысы).

**Музыкалық-қимылды жаттығу:** «Ұшақтар».

## «ЖЕМІСТЕР»



**АЙТЫШЕВА Сауле,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі

**Мақсаты:** Балаларға жемістер туралы түсінік беріп, білімдерін бекіту. Денсаулыққа пайдасы туралы мағлұматтар беру. Жемістердің санын, түрлерін ажырата білуге үйрету. Қабылдауын, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Достарына, туыстарына қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** Жемістердің суреті, себет, қима жемістер.

**Қостілділік:** Жемістер-фрукты, алма-яблоко, алмұрт-груша, слива-кара өрік.

Тоңазып атырап,

Көп жеміс піседі.

Сарғайып жапырақ,

Саудырап түседі.

«Күз-жомарт» – дейміз біз,

Жемісін жейміз біз.



– Балалар, осы өлең жолдарында не туралы айтылған? (Күз туралы).

– Күздің бізге қандай сыйы бар? Қандай жемістерді білесіңдер? Алма, алмұрт, қара өрікті бір сөзбен не деп атаймыз? Олар қайда өседі? (Балалардың жауабы).

– Балалар, жемістердің құрамында көптеген дәрумендер болады. Ол адамның денсаулығына өте пайдалы. Алманың – құрамында су, қант қышқылы бар. Адамдардың көру қабілетін жақсартады. Алмұрт иммунитетті көтереді. Жемістерді міндетті түрде жуып жеу керек. Балалар, жемістер туралы біраз мағлұматтар алдық. Енді осы жемістерді орыс тілінде айтып көрейікші. (Балалар орыс тілінде айтады).

**Ғажайып сәт:** Қонаққа Маша келеді.

– Маша, сәлеметсіз бе! Төрлетіңіз. (Балалар Машамен амандасады).

– Маша, сенің неге көңіл-күйің жоқ?

**Маша:** Мен аманның себеттегі жемістерін төгіп алдым.

– Сен мұнайма. Балалар саған көмектеседі. Алдымен саусақ жаттығуын жасайық.

**Саусақ жаттығуы:**

Бала-бала балапан,  
Қане, қайсы алақан.  
Саусақтарың әйбат,  
Былай-былай ойнат.

– Балалар, Машаның шашып алған жемістерін себетіне жинап берейік. (Жемістерді жіпке өткізу арқылы себетке жинап береді. Маша қуанады).

**Сергіту сәті:**

Алма, алма, көп алма,  
Қызыл, жасыл, көк алма.  
Теріп, теріп алайық,  
Себетке тізіп салайық.

– Балалар, бізге қыс мезгілі келе жатыр. Біз аналарымыз сияқты шыны ыдысқа, алма мен алмұрттан сусын (компот) әзірлейік. (Балалар алма, алмұрт мөрін түрлі-түсті бояуға (гуашь) батырып, жемістердің суретін салады).

**Дидактикалық ойын:** «Дәмін татып, не екенін тауып көр».

**Ойын шарты:** Тәрбиеші тәрелкеге жемістерді жуып, бөліктерге бөліп қояды. Балалар жемістердің дәмін татып, қандай жеміс екенін айтады).

## «ҚҰСТАРҒА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ!»

**БИМЕНОВА Мерей,**

«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

**Мақсаты:** Балаларды құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Білімдерін тиянақтау.

**Көрнекілік:** Слайд.

**Сөздік жұмыс:** Сауысқан, шымшық, қарға, торғай.

**Шаттық шеңбері.**

– Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? Қазір жылдың қай мезгілі? Бұл мезгілдің ерекшеліктері қандай? (Балалардың жауабы).

**Жұмбақ:**

Қанаты бар талмаған,  
Аспанға ұшып самғаған.  
Жауы шыбын-шіркейден,  
Табиғатты ол қорғаған. (Құс)

– Балалар, сендер ненің дыбысын естідіңдер? (Құстардың).

– Дұрыс айтасындар, бұл құстардың дыбысы. Олар табиғаттың көркі. Құстар дала және үй құстары болып екіге бөлінеді. Дала құстарына қарлығаш, торғай, қарға, сауысқан, кептер, тоқылдақ жатады. Олар ағаш түбіндегі құрт-құмырсқалармен қоректенеді. Ағаштардың жайқалып жақсы өсуіне, түрлі жәндіктерден тазаруына көмектеседі. Құстарға біз

қамқорлық көрсетіп, ұя жасап, жем беруіміз керек. Балалар, мынау қандай құс? (Қарлығаш).

– Дұрыс айтасындар. Қарлығаш – киелі құс. Ол үй маңына ұя салады. Тоқылдақ – орман құсы. Оны – орман дәрігері деп те атайды. Сауысқан – ала, ұзын құйрықты, өте сақ құс. Ал қарғаның тұмсығы үшкір, тырнақтары өткір болады. Құстарды қорғап, аялау біздің міндетіміз.

**Дидактикалық ойын:** «Құстарға қамқор бол».

**Ән:** «Құстар».

**Тосын сәт:** Әтештің келуі.

**Әтеш:** Сәлеметсіңдер ме. Менің аулама дала құстарымен үй құстары кіріп кетіпті. Оларды бір-бірінен ажырата алмадым. Маған көмектесесіңдер ме? (Әрине).

(Балалар қораптағы құстардың суреттерін алып тақтадағы күн мен шөптің айналасына орналастырады. Әтеш балаларға ризашылығын білдіреді).

– Әтеш, енді сен бізге көмектес. Біз дала құстарына ұя жасаймыз.

(Әтеш балалармен бірге құстарға ұя жасап, топтағы ағашқа орналастырады).



## «ҚЫЗЫҚТЫ ЭСТАФЕТА»



**АБДИКАРИМОВА Шарапат,**  
«Нұршуақ» бөбекжай-  
бақшасының дене шынықтыру  
нұсқаушысы

**Мақсаты:** Балабақша ұжымын күнделікті спортпен айналысып, өз денсаулығын күтіп, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.

– Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер. «Қызықты эстафета» атты жарысымызға қатысушы «Күншуақ» және «Жұлдыз» тобының ойыншыларын қошеметпен ортаға шақырайық. Жарыс болғандықтан қатысушылардың ойынын әділ бағалай білетін қазылар алқасы болуы керек. (Әділқазы алқасын таныстыру).

Барлық қыздарға сәттілік тілейміз!

– Қане, бір-бірімізді қостаймыз,  
Бүгінгі жарысымызды бастаймыз.  
Жеңіске жетеміз – деп,  
Жалынды ұран тастаймыз.

**Жарыс кезеңдері:** Таныстыру. «Тез адымда». «Хоккей». «Үш аяқ». «Жалау жеткізу эстафетасы». «Жоғалған орындық». «Көршілерін тасу». «Арқан тартыс».

**«Келіңіз, танысайық».** Қыздар бір-бірімен сәлемдесіп, ұрандарын айтады. Әр топ өз эмблемаларын қорғайды.

Қалма жұрттың соңында,  
Қажет болса мың атта.  
Аздық етер оның да,  
Жету үшін мұратқа.

**«Тез адымда».** Қатысушылар бадминтон таяқшасымен шарды жоғары ыршытып, мәре сызығын айналып өтіп, келесі ойыншыға таяқшамен шарды тапсырады.

– Қатар өскен құрдасқа,  
Жарыс ұнап тұрмас па.  
Қуып жету жақсы ғой,  
Озып шығу бір басқа.

**«Хоккей».** Екі шайбаны кедергі арасымен алып өтіп қақпаға дәлдеу.

– Топ болып біз жүрейік,  
Ойнайық та күлейік.

Достық деген тамаша,  
Міне тұрмыз, жараса!

**«Үш аяқ».** Екі ойыншының аяқтарын байлап, мәреге дейін жүгіру.

– Ұйымшыл әрі жылдамсың ба?  
Әлде болбыр, боссың ба?  
Кел жарысып көрелік,  
Эстафеталық бұл жарыста.

**«Жалау жеткізу эстафетасы».** Жалаушаны кедергілер арқылы жеткізу.

– Кімдер күшті, кім алып,  
Күш сынасып байқайық.  
Білегімізді сыбанып,  
Қарсыласты жығайық.

**Капитандар сайысы:** «Жоғалған орындық».

Екі орындықта көздері байланған ойыншылар отырады. Белгі бойынша орындарынан тұрып, алға қарай 6-8 қадам жасайды. Бір орында үш рет айналып, өз орындарын табады.

**«Көршілерін тасу».** Әр топтан екі ойыншы шығып мәрені айналады. Келесі ойыншы оған ілеседі.

– Босқа қарап тұрмайық,  
Намысты біз қорғайық.  
Бірге осылай күш қосып,  
Бағымызды сынайық.

**«Арқан тартыс».** Екі топтың ойыншылары арқан тартысады.

– Ал, көрермен, ықыласпен демелік,  
Қыздардың сайыстарын көрелік.  
Қимыл менен сымбатына қарап біз,  
Әділдікпен бағаларын берелік.  
Сөз әділқазыларда.

**Қорытындылау, марапаттау.**

*Жамбыл облысы  
Жамбыл ауданы  
Түрксіб ауылы*



## «ЖАҢА ЖЫЛ ШЫРШАСЫ ЖАРҚЫРА!»

**ЖАЛЕЛОВА Мереке Оңталапқызы,**

«Балдырған» санаторлық бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

– Балалар, бізге сиқыр мен тосын жайттарға, қызықты оқиғалар мен сыйлықтарға толы Жаңа жыл мерекесі келіп жетті.

**1-бала:**

Жаңа жыл шыршасы жанады,  
Қызыққа адамдар батады.  
Сиқырға сенетін адамға,  
Жаңа жыл есігін ашады.

**2-бала:**

Жаңа жыл қызығын тойлайық,  
Қуаныш өзара сыйлайық.  
Бұл залға жиналған барша жұрт,  
Би билеп, ән айтып, ойнайық!

**3-бала:**

Бөленіп ән мен жырға,  
Жаңа жыл шыршасы жарқыра.  
Достарды мейрамға шақырып,  
Арманын олардың орында.

**Ән:** «Жаңа жыл».

– Балалар, біз ән, тақпақ айттық. Мерекеміздің өні кіру үшін ортамызға Ақшақарды шақырайық. Ақшақар, қайдасың? (Мыстан кемпір келеді).

**Мыстан кемпір:** Неге сонша айғайлайсыңдар? Мынау не? (Шыршаны бұтақтарынан ұстайды).

**Мыстан кемпір:** Ой-ой-ой! Дәл мендей ашушан екен. Балалар, мұнда не істеп отырсыңдар? Мен сендерді шақырған жоқпын ғой? Мына инеге толы жасыл шыршаның жанына неге топталып алдыңдар?

– Біз мұнда көңілді Жаңа жыл мерекесін қарсы алуға жиналдык!

**Мыстан кемпір:** Мереке, Жаңа жыл! Оны ән, би мен қарсы аласыңдар ма?

Сыйлық та алғыларың келеді екен ғой! Сол үшін Аяз атаны күтіп отырсыңдар. Солай ма? Олай бола қоймас. Сендер жыл сайын мені қуып жібересіңдер. Маған сыйлық бермейсіңдер. Сендердің бұл қылықтарыңа әрі қарай шыдай алмаймын. Қазір бәрін сиқырлап тастаймын.

Шыршаның шамдарын жинайын,

Ойыншықтарын сындырайын.

Шырша шамын жанғызбай,

Сыйлықтарын ұрлайын!

(Музыка әуенімен Мыстан кемпір залдан шығып кетеді).

– Балалар, енді бізге кім көмектеседі? Мен оны білетін сияқтымын.

Кішкентай ғана адамдар,

Бәрін жөндеп, іс қылар.

Көрінбейді біздерге,

Жауабын қане, табындар. (Фиксиктер)

– Фиксик деген кімдер екенін білесіңдер ме? (Кішкентай адамдар).

– Жай ғана адамдар емес, олар нағыз шеберлер. Заттың сынған жерін тез тауып, оны жөндей алады. (Фиксиктер жүгіріп кіреді).

**Симка:** Сәлем, балалар. Менің атым Симка. Ал Нолик менің інім. Біз үшін білім өте маңызды.

**Нолик:** Жаңа жылдарың құтты болсын! Сендер неге көңілсіз отырсыңдар? Не болып қалды? (Балалар болған жайды айтады).

**Симка:** Жаңа жылды би билеп, ән айтып қарсы алу керек. Аяз атаны күту, ол керемет қой! Қиындық болған кезде біз көмек беруге дайынбыз.

**Нолик:** Фиксиктер жұмысқа кірісу үшін не істейді? (Бұранда мен бұрандамаға айналып, өз білімдерін колданады).

**Симка:** Нолик, балалар, шырша шамдары – бұл кішкентай шамдары бар сым, оған мыс арқылы электр тоғы келеді. Бар болғаны сымдарды жалғап, шамды бұрау керек. Балалар, естерінде болсын, сендерге электрмен байланысты заттарға тиісуге болмайды. Ал, біздің шам тізбегіміз жай емес, ол сиқырлы және оның шамдары ойыншық.

**Ойын:** Сиқырлы шамдар».

**Симка:** Міне, шыршаның шам тізбегі дайын. Оны жағу үшін Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық. (Балалар оларды шақырады).

**Аяз ата:** Ау-у! Ке-ле жа-тыр-мын!

Бір жыл бұрын сендерге,

Келіп едік біз бірге.

Міне келдік тағы да,

Ән айтып, би билеуге.

**Ақшақар:** Жаңа жылмен құттықтаймыз. Қуаныш, бақыт тілейміз!

**Аяз ата:** Балалар, неге көңілсіз отырсыңдар? (Балалар не болғанын айтады).

**Аяз ата:** Достар, қамықпандар, мұның бәрін реттейміз. Ол үшін сендердің көмектерің керек. Бәріміз бірге мына сиқырлы сөздерді айтайық.

Шырша шамын жағайық,

Жаңа жыл тойын бастайық!

**Ақшақар:**

Қолымызды ұстайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Жаңа жылды би билеп,

Әнмен қарсы алайық!



**Ән:** «Шырша».

**Аяз ата:** Жарайсындар, балалар! Мен біраз дем алайын.

**Тақпақтар.** (6-7 бала).

**Аяз ата:** Балалар, сендер сондай көңілдісіңдер, маған ұнадыңдар. Ал енді біз басқа балаларға барайық.

– Аяз Ата, сіз біздің балалармен ойын ойнаған жоқсыз ғой.

**Ойын:** «Шырша шамын жағайық».

– Аяз Ата, балалардың сізге арнаған музыкалық тартуын қабыл алыңыз!

«Жаңа жылдық полька» оркестрі.

**Аяз ата:** Жарайсындар, балалар! Міне, біздің кездесуіміз аяқталды.

**Ақшақар:** Аяз Ата, балаларға сыйлық әкелдіңіз бе?

**Аяз Ата:** Әрине, бәріне сыйлық бар... Қапшығымды қайда ұмыттым екен?

**Ақшақар:** Аяз Ата, сіз сиқыршысыз ғой, сиқыр жасап көріңізші.

**Аяз Ата:** 1, 2, 3, 4, 5. Таяғым қане, көмектес! Мен сендерге Жаңа жылдық керемет сыйлық беремін. Немемерем маған көмек бер. (Қапшықты кіргізеді).

**Аяз Ата:** Қапшығымды ашайын, сыйлықтарын шашайын! (Қапшықтың ішінен қоян шығады).

**Қоян:**

Жаңа жылдың иесі,  
Қоян жылы мен болам,  
Қызық үшін тығылып,  
Қапқа келіп отырғам.  
Алтын жібім бар менің,  
Түзу жолға бастаған.  
Қаптың қайда екенін,  
Басқа ешкім таппаған.

**Аяз ата:**

Жібім, жібім жүр ұзақ,  
Сиқыр жаса, сен бірақ.  
Қаптың қайда тұрғанын,  
Бізге нұсқа жақсылап! (Жіпті домалатып жіберіп,  
қапшықты алып шығады).

**Аяз ата:** Алтын жібім жарадың, сыйлыққа дәл апардың! (Сыйлық тарату).

**Аяз Ата:**

Құтты болсын Жаңа жыл, қалың елім,  
Құтқа орансын кең байтақ дархан жерім.  
Қазақтың пейіліне тарту етсін,  
Жаңа жыл жаңа өмір, жаңа лебін!  
(Жүргізуші Жаңа жыл мерекесіне қатысушыларды құттықтап, балаларға сыйлықтарды үлестіреді).

*Ақтөбе облысы  
Шалқар ауданы*

## «ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!»

**САҒЫНДЫКОВА Мөлдір,**

«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

– Құрметті қонақтар, ата-аналар! Жаңа жылымыз құтты болсын! Жаңа жыл отбасыларыңызға береке, шагтық әкелсін!

**Ән:** «Шырша жыры».

– Мерекеміз көңілді өту үшін ортамызға кімдер жетіспейді? (Аяз ата, Ақшақар).

– Дұрыс айтасындар, олай болса, көптен күткен Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық. (Музыка әуенімен шыршаның артынан қоян шығады).

**Қоян:**

Ау жарандар, ал қарандар,  
Жауып тұр қар себелеп.  
Көкке толды, жерге қонды.  
Сансыз аппақ көбелек.  
Тым алыстан, Марстан,  
Келіп Аяз атамыз.

Жылды тойлап, билеп, ойнап,  
Көп қызыққа батамыз.

(Секіріп билеп жүргенде алдынан аю шығады. Қоян қорқып қалады).

**Қоян:** Амансын ба, аю пан.

**Аю:**

Жаңа жылдың алдында,  
Тойды еске алдым да.  
Ұйқымды ашып сергідім,  
Ұйықтамаймын мен бүгін.  
Жылды қарсы алайық,  
Би билеп, ән салайық.  
(Екеуінің алдынан қу түлкі шығады).

**Түлкі:**

Достарым жыл келді,  
Сыйлығын мол берді.  
Жұмбақ шешкіш түлкінің,  
Өнерін жұрт көрді.  
(Үшеуі билеп жүргенде, тиын келеді).

**Тиын:**

Тря-ля, тря-ля-ля!  
Өнершіл аңдар-ай.  
Қол ұстасып би билеп,  
Жыл әнін шырқандар.



— Жаңа жыл құтты болсын! Достығымыз мықты болсын!

**Би:** «Жануарлар биі».

— Балалар, Жаңа жылымыздың сәні Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

(Музыка әуенімен Аяз ата мен Ақшақар келеді).

**Аяз ата:**

Амансың ба, ұлдарым,

Амансың ба, қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Ал балаларым. Мына шыршаларың неге жарқырамай тұр?

— Сәлеметсіз бе Аяз ата, қош келдіңіз. Сізді жыл бойы асыға күттік. Сіз келмеген соң, шыршамыз көңілсіз тұр.

**Аяз ата:** Менде сендерді көруге асықтым. Қане, барлығымыз шырша шамын жағайық. «Алақаным тақ-тақ, шырша шамын, жақ-жақ». (Шырша шамы жанады).

**Ақшақар:**

Ал келіндер, келіндер!

Тақпақ айтып беріндер.

Жомарт Аяз атадан,

Сыйлық алып көріндер. (Балалар тақпақтарын айтады).

**Ақшақар:** Балалар, қыста қар жауады. Олай болса, қармен ойын ойнайық.

**Ойын:** «Қар жинау».

**Хоровод:** «Сырғанады шамамыз».

**Аяз ата:** Балалар, өнерлеріңді тамашаладық. Ойынды да жақсы ойнадыңдар.

Ал енді біздің кететін уақытымыз болды. Басқа балалар да бізді күтіп қалды.

— Аяз ата, сіз ештеңе ұмытпадыңыз ба? Балалар сізді асыға күтті, сыйлығыңыз қайда?

**Аяз ата:** Ой мен оны қалай ұмыттым. Қызым қапшығым қайда? (Ақшақар қапшықты іздеген кейіп танытады).

**Аяз ата:** Мен оны қайда қалдырдым? Қызым, сен уайымдама. Сиқырлы таяғыммен сыйлықтарды алдыртайын. (Таяғын жерге ұрады. Музыка әуенімен қапшық кіреді).

**Аяз ата:** Қапшықтың өзі де келді. (Қапшықты ашып, сыйлықты таратады).

Жаңа жыл келді,

Азаймасын ән мен жыр.

Ел көңілін көтерсін,

Құтты болсын жаңа жыл!

*Жамбыл облысы  
Жамбыл ауданы  
Түрксіб ауылы*

## «МӨЛДІРЕГЕН АППАҚ ҚЫС»



**САРИЕВА Ақторғын Мұхамбетқалиқызы,**  
«Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.

**Әдіс-тәсілдері:** Әңгіме, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.

**Қажетті көрнекі құралдар:** Балабақша ауласы, шаңғы, коньки.

**Блингвальды компонент:** Қыс-зима, аяз-мороз, қар-снег.

— Балалар, қазір әртүрлі дыбыстар тындаймыз.

Бұлар ненің дыбыстары? (Қатты желдің, боранның дыбысы).

— Қазір жылдың қай мезгілі? Бүгінгі ауа-райы қандай? (Қыс мезгілі. Күн салқын, қар жауып тұр).

— Қыста тағы қандай өзгерістер болады? (Айнала аппақ. Ойнаймыз. Шанамен сырғанаймыз. Аққала жасаймыз. Денемізді шынықтырамыз).

— Менің қолымдағы нелер? (Шарлар).

— Олар не үшін керек? (Балалардың жауабы).

— Айналаға қарандаршы, теректерде тұрған не? (Құстардың ұялары).



– Құстарға жем беріп, қамқорлығымызды көрсетейік.

**Ғажайып сәт:** «Сықырлы әуен».

– Сықырлы әуенмен көзімізді жұмамыз. Әуен тоқтағанда көзімізді ашамыз. Қарандаршы, теректе нелер ілініп тұр? (Шарлар).

– Балалар, бұлар сықырлы шарлар. Олардың ішінде тапсырмалар бар екен.

Шарды жарып, ішінен тапсырмаларды алып орындаймыз.

**Тіл ұстарту жаттығуы:**

С-с-с – келді қыс.

Р-р-р – жауды қар.

У-у-у – әйнекті басты қырау.

**1-тапсырма:** Қыс мегілі туралы тақпақтар айту.

**2-тапсырма.** «Кім жылдам?» ойыны. (Екі топқа бөлініп, шанамен жарысу).

**3-тапсырма. Дидактикалық ойын:** «Тез ойлан».

Күзде жаңбыр жауады, ал қыста ...

Жазда ағашта жапырақ болады, ал қыста ...

Көктемде шөптер шығады, ал қыста ...

Жазда жұқа киінеміз, ал қыста ...

– Жарайсындар! Тапсырмаларды толық орындап шықтындар.

**Сергіту сәті:**

Шынығамыз бәріміз,

Иіліп, бүгіліп, денеміз.

Хоккейді де ойнаймыз,

Шаңғыны да тебеміз.

Әрлі-берлі жол салып,

Қар лақтырып, ойнаймыз.

Қорықпаймыз аяздан,

Спортшы болмай қоймаймыз.

**Қорытынды.**

## «ЖАРЫСАМЫЗ ШАНАМЕН»



**БАЗАРОВА Анаргүль**

**Бакытқызы,**

«Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Білім бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.

**Мақсаты:** Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру.

**Шаттық шеңбері.**

– Балалар, қыс мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? (Қар жауады, боран соғады, аяз болады).

**Қызықтыру сәті:**

– Айналаға қарандаршы, ненің дыбысы шығады. (Аюдың дыбысы).

– Аю бізге тапсырмалар алып келіпті, соны орындайық.

**Жұмбақтар:**

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тонады. (Қар).

– Қарды неге ұқсатуға болады? Түсі қандай? (Балалардың жауабы).

**Тіл ұстарту жаттығуы:**

Ша – ша – ша,

Жап – жасыл шырша.

Ар – ар – ар,

Қандай аппақ қар.

Ыс – ыс – ыс,

Келіп қалды қыс.

**Ойын:** «Аю».

**Шарты:** Ұйықтап жатқан аюды балалар түртіп оятады. Ашуланған аю балаларды қуа жөнеледі. Ұсталған бала тақпақ айтып береді.

– Балалар, аюдың ұйқысы келді. Қане, аюмен қоштасайық. (Қоштасады).

**«Қыс».**

Тонса егер қолымыз,

Қолғап киіп аламыз.

Шықсақ егер далаға,

Етік киіп аламыз.

Тонса егер денеміз,

Тон киіп аламыз.

Зу-зу-зу, Зырлайды шанамыз.

– Балалар, екі топқа бөлініп, шанамен жарысып ойнайық.

**Ойын:** «Шанамен жарыс».

**Шарты:** Балалар бір-бірін шанамен сүйреп жарысады. Кім белгіленген жерге бірінші болып жетсе, сол жеңімпаз болады.



## «ҰЛПА ҚАРДЫ ЖИНАЙМЫЗ»



**ҚАБЕС Сандуғаш  
Есенгелдіқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.

**Мақсаты:** Балаларды қысқы құбылысты ажырата білуге баулу.

**Қажетті көрнекі құралдар:** Ақ ұлпа қарлар, себет, жем.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру, көрсету, мадақтау, қорытындылау.

**Шаттық шеңбері.**

– Балалар, айналаға қарандаршы, қандай әсем, әдемі болып кеткен. Даламыз қандай түске боялып тұр? (Аппақ).

– Не себепті аппақ деп ойлайсындар? Қар қай мезгілде жауады? Ол неге ұқсайды? (Балалардың жауабы).

**Жұмбақ:**

Ақпақ, жұмсақ ұлпа,

Бассаң сықыр-сықыр етеді. (Қар).

– Балалар, қыста қандай ойындар ойнайсындар? (Балалардың жауабы).

– Қыста ауа райы таза болады. Сондықтан сендер денсаулықтарың мықты болу үшін, таза ауада көп жүріп, ойнауларың керек. Ойын арқылы денелерің шынығады. Енді бәріміз бірге тіл ұстарту жаттығуын жасайық.

Ар-ар-ар – жауды, аппақ қар.

Ла-ла-ла – әдемі аққала.

Яз-яз-яз – сықырлаған аяз.

**Ойын:** «Ұлпа қарларды жинау».

**Ойын шарты:** Ортаға ұлпа қарлар шашылады. Екі бала шығып, қолдарына қолғап киіп, ұлпаларды себетке жинайды. Кім көп және тез жинаса, сол жеңіске жетеді.

**Ойын:** «Қысқы күн».

**Ойын шарты:** Қысқы күнді қар бетіне бейнелеу.

**Қорытынды.**

## «ОРМАНҒА САЯХАТ»



**УТЕПОВА Гүлмира  
Халелқызы,**  
«Жаңақала балалар  
бөбекжайы» МКҚК тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.

**Мақсаты:** Балаларды қыс құбылыстарымен таныстыру.

**Қажетті құралдар:** Қыс мезгілінің суреті, хоккей таяқшалары, күрекшелер.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру, жұмбақ, сұрақ-жауап, ойын, мадақтау, қорытындылау.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерді көр-

геніме өте қуаныштымын. Бәріміз бірге шеңбер құрып, менің қолымдағы жүректі алмастыра отырып, бір-бірімізге деген таңғы тілектерімізді айтайықшы. (Балалардың тілегі).

**Жұмбақ:**

Шанамен зырлап желетін,

Шаңғы, коньки тебетін,

Аққала жасап ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс)





– Балалар, қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Қыс мезгілінде боран соққанын қимылмен қалай көрсетеміз? Қатты аязда тоңсандар не істейсіндер? Боран басылып, күн шыкса ше? Қыста қандай ойындар ойнайсындар? (Балалардың жауабы).

– Балалар, орманға саяхатқа барғыларың келе ме? (Иә).

– Барлығымыз көзімізді жұмып, орманда жүрміз деп елестетейік. Көзімізді ашайық. Мынау не деп ойлайсындар? Ненің ізі? (Аюдың ізі).

– Аю бізге терек түбіне тапсырма қалдырып кетті. Соны орындайық.

**1-тапсырма:** Тіл ұстарту жаттығуы:

Ыс-ыс-ыс, келіп жетті қыс.

Ар-ар-ар, жауады қар.

Яз-яз-яз, сақылдаған аяз.

Ран-ран-ран, соғады-боран.

**2-тапсырма:** Сурет бойынша әңгіме құрау.

**3-тапсырма:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.

– Аюдың тапсырмасын жақсы орындадыңдар.

**Ойын:** Хоккейшілер.

**Шарты:** Хоккей таяқшасымен шайбаны ысыра отырып, белгіленген жерге жеткізу. Мәреге бірінші келген топ жеңіске жетеді.

**Ойын:** «Кім епті?».

**Шарты:** Балалар екі топқа бөлініп, кедергілер арасынан жүгіріп, күрекшемен қарды шелекке тасиды.

*Батыс Қазақстан облысы  
Жаңақала ауданы*

## «КІМ ТАПҚЫР?»



**НАКЕНОВА Айнур  
Мухтарқызы,**  
Шучинск қаласындағы  
«Ақбота» бөбекжайының  
тәрбиешісі

**Білім беру саласы:** Таным.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі:** Жаратылыстану.

**Мақсаты:** Балаларға маусымдық өзгеріс, қардың қасиеті туралы түсінік беру. Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары (қардың жауғаны, аяз, боран) туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды табиғатты аялай білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** Аққала, қысқы ойындар бейнеленген карточкалар.

**Сөздік жұмыс:** Ығарлы, қыс.

– Балалар, мына суретте қандай мезгіл бейнеленген? (Қыс мезгілі).

**Жұмбақ:**

Қыста ғана болады,

Ұстасаң қолың тонады. (Қар)

**Ойын:** «Кім тапқыр?».

**Шарты:** Плакатқа қыс мезгілінде ойналатын ойындардың суреттерін жапсыру. (Шанамен сырғанаймыз, шаңғы, коньки тебеміз, аққала жасаймыз).

**Тосын сәт:** Ақшақардың келуі.

Ақшақар балалармен амандасып, оларға тапсырмасы бар екенін айтады. Ол қоржынынан қағаздарды алып, киімдердің суреттерін көрсетеді.

**Дидактикалық ойын:** «Киімдерді топтау».

**Шарты:** Балалар суреттерге қарап, қыс және жаз мезгілінде киетін киімдерді топтайды. (Ақшақар балалардың жұмысын мақтайды).

**Сергіту сәті:**

Боран соғар оң жақтан,

Боран соғар сол жақтан.

Қар атысып ойнасақ,

Су болады қолғаптар.

– Балалар, бізге біреу қоңырау шалып тұр. Қане, бейнехабарламаны қосайықшы. (Экранда Аққаланың суреті шығады. Оның көңіл-күйі болмайды. Ол өзінің мұрнын жоғалтып алғанын айтып, балалардан көмек сұрайды).

– Қане, балалар Аққаланың мұрнын тауып берейік.

– Оның мұрны қандай екен? (Үшкір, конус тәрізді).

– Түсі қандай? (Қызғылт сары).

Балалар аққаланың мұрнын қызғылт сары бояумен бояйды. Жұмыс барысында олардың ұсақ саусақ моторикасы дамиды. Жұмысты таза жасауға үйренеді.

Тәрбиеші балалардан жиыннан алған әсерлерін, көңіл-күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрап, оқу қызметін қорытады.



## «МАТЕМАТИКА ЕЛІНЕ САЯХАТ»



**АБУТАЛИЕВА Асель Исатайқызы,**  
Атырау қаласындағы  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі



**ЖАЙШЫЛЫҚ Айжан Жайшылыққызы,**  
Атырау қаласындағы  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиешісі

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Математика негіздері.

**Мақсаты:** Балалардың 5 көлемінде сандық есептеу, салыстыру, санау, топтау дағдыларын ойын арқылы дамытып, кері байланыс арқылы сөздік қорларын молайту. Сандарды тура және кері санауды үйрету. Кеңістікті бағдарлау (жоғары, төмен, оң, сол, алдыда, артта) ұғымдарын, геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. Тіл дамыту жұмыстарын жалғастыру. Білімге деген құштарлығын арттыру. Балаларды топтасып жұмыс жасауға, тапқырлыққа, татулыққа, бірлікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** LEGO құрастыру, «Роботышқан» (Колби), АКТ құралдары, STEAM технологиясы ресурстары.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелеу, түсіндіру, қайталау, сұрақ-жауап.

### Шаттық шеңбері.

- Балалар, саяхатқа шыққыларың келе ме? (Иә).
- Олай болса, жолға дайындалайық. (Балалар Суретте бейнеленген күннің оң жақта, бұлттың сол жақта, ауланың ортада орналасқанын және қыс мезгілі, оның ерекшеліктері жайында айтады).
- Балалар, тоңып қалмас үшін жылы киімдері-

мізді киеміз. (Киім атаулары, жұқа-қалың, жылы ұғымдарын қайталау), бір-бірімізден ажырамаймыз. (Поезд қимылымен жолға шығу).

– Жарайсындар балақайлар! (Балалар көздерін жұмып, сиқырлы әуенмен ашқанда, алдарында «Роботышқан» тұрады).

**Роботышқан:** Сәлеметсіңдер ме, балалар? (Балалар амандасады).

– Біз қайда тап болдық, ой мынау не?

**Роботышқан:** Сіздер математика еліне келдіңіздер. Мен Роботышқанмын, өздеріңізді көргеніме қуаныштымын. Сіздердің білімдеріңізді тексеріп көрейін. Ол үшін менен суреттер алыңыздар.

**Топтасу:** Сурет бойынша орындарын табу.

– Балалар, Роботышқанның сұрағын мұқият тыңдайық!

**Тапсырма:** Пішіндерді ажырату, түске тоқталу. Дөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршы.

**Тапсырма:** Сандарды тура және кері санау.

**Ойын:** «Көршісін тап».

**Тапсырма:** Салыстыру. Үлкен мен кішіні ажырату. Lego құрастыру.

**Қорытынды.** Роботышқанның алғысы, топқа оралу.





## «ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ»

**СҮЙІНДІКОВА Айгүл Әбдуалиқызы,**  
Сарықамыс негізгі орта мектебі жанындағы  
